AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БЕЙСЕНБІ №55 (4595)
22.05.2025

www.aikyn.kz
e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

# ТҮРКІ ТҰТАСТЫҒЫ – ЖАСАМПАЗДЫҚ БАСТАУЫ

Түбі бір  түркі жұртының ынтымақтастығы күн санап артып келеді. Жаһандағы геосаяси ахуал  сәт санап құбылған  қазіргі турбулентті заманда береке-бірлік пен серіктестікті, бейбітшілікті  ту еткен Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммиті сөз басындағы тұжырымға нақты дәлел болса керек. Көне Будапешт шаһарында өткен саммитке Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та қатысты.

## ШЫҒЫС ПЕН БАТЫСТЫ ТОҒЫСТЫРҒАН САММИТ

Жиында  сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін көне Будапешт шаһарында өте жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Мажарстанның Премьер-министрі Виктор Орбанға ризашылығын білдірді.

– Бүгінгі алқалы жиынның Еуропа төрінде өтуінің айрықша мәні бар. Біз мажар жұртының қарт құрлықта тұғырлы мемлекет болып отырғанына дән ризамыз. Бүгін бәрімізді түбі бір түркі бауырларым деп құшақ жая қарсы алып жатсыздар. Мұны, шын мәнінде, мызғымас достығымыздың айқын көрінісі деп санаймын. Біз ынтымағы жарасқан елдеріміздің бірлігін бекемдеп, тамыры бір тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді ұлықтап келеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Шығыс пен Батыс тоғысқан тұс» атауымен ұйымдастырылған саммит алып құрлықтың ұлан-ғайыр аумағын иеленіп жатқан түркі елдерінің мүддесіне, стратегиялық мақсат-міндетіне сай келеді. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда Ұйым аясындағы ынтымақтастықтың мәні тіпті артты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев түркі жұртының татулығы мен өзара байланысын нығайту, тұтастығын бекемдей түсу мақсатында Қазақстан қабылдаған кешенді шараларға тоқталды.

– Атап айтсақ, Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілін тағайындады. Көп ұзамай Тұрақты өкілдік ашуды жоспарлап отырмыз. Астанада 11-12 маусым күндері Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV пленарлық отырысы өтеді. Ақтау қаласы биыл Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жарияланды. Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару үшін нақты іс-шаралар қолға алынды. Қазақстанның бастамасымен өткен аптада Орталық сайлау органдарының консультативтік платформасы құрылды. Оның алғашқы отырысы киелі Түркістан қаласында табысты өтті. Ортақ келісім бойынша биыл маусым айынан бастап Алматы қаласы «Түркі мемлекеттері ұйымының жастар астанасы» атанады. Осылайша, біз түркі бірлігін нығайтамыз, – деді Президент.

## ТӘРТІП ПЕН ЕРЕЖЕНІ САҚТАУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы  саммитте сөйлеген сөзінде Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің өзара қол жеткізген келісімдерді сақтауы маңызды екеніне тоқталды.

– Тағы бір аса маңызды мәселе, бұл – біздің Ұйымның шеңберінде қабылданған құжаттардағы ережелерді қатаң сақтау. Процедура мәселесі болсын, саяси және экономика сұрақтары болсын – келісімдердің ережелерінің барлығын құрметтеу, сақтау қажет, міндетті түрде іске асыру керек, – деді Президент.

*(Жалғасы 2-бетте)*

# КАПИТАЛҒА ҚАРЖЫ ҚҰЮ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

Ел экономикасындағы нарық заңдылықтарының орнықты жұмыс істеп жатқанының бір дәлелі – негізгі капиталға құйылған инвестиция. Биыл қаңтар-сәуір айларында бұл көрсеткіштен оң динамика байқалды. Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, осы мерзім аралығындағы НКИ өсімі 4,3 трлн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 13,7%-ға артқан. Инвестицияның бұл түрі – елдің экономикалық дамуындағы маңызды индикаторлардың бірі. Өйткені осы арқылы қай өңір немесе сала ілгерілеп келе жатқанын, ал қайсысы артта қалғанын бағамдауға болады.

Ресми статистикаға сүйенсек, биыл негізгі капиталға бағытталған қаржының басым бөлігі – 67,5%-ы ғимараттар мен құрылыстарды салу және күрделі жөндеуге жұмсалған. Ал 27,6%-ы машиналар, жабдықтар мен көлік құралдарын сатып алуға кеткен. Бұл құрылым техникалық жаңғыртудан гөрі құрылыс жұмыстарының басым екенін көрсетеді. Инвестицияның құрылымы, яғни техникалық жабдықтарға емес, ғимарат салуға көбірек қаржы жұмсалуы, елдің технологиялық жаңару деңгейінің әлі де төмен екенін аңғартады.

*(Жалғасы 4-бетте)*

# БІРЕГЕЙ ЖҮЙЕ, БІРЫҢҒАЙ ШЕШІМ

Президент бастамасымен тұрғын үй саясатын реформалау аясында ел заңнамасына бірқатар өзгеріс енгізіліп, «Отбасы банкіне» ұлттық даму институты мәртебесін беру туралы тапсырма берілді. Бұл орайда банкке жаңа қызметтер жүктелді. Соның бірі – банк базасында «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығын» құру болды. 24 мамырдан бастап «Отбасы банкінің» аталмыш қызметі іске қосылады. Бұл жүйенің жаңашылдығы не? Ұзақмерзімді перспективада қандай тетіктерді реттеуге ықпал етеді?

→ 5

## ҚАУІПСІЗ БАЛА – АЛАҢСЫЗ АТА-АНА

→ 5

## БҰЛ – МЕНІҢ ЖҮРЕКПЕН ҚАБЫЛДАҒАН МИССИЯМ

→ 8

## БАСПАСӨЗ-2025

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

| Жазылу түрлері | Индекс | Жазылу мерзімі | Редакция бағасы | «ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қала | Ауыл |
| Заңды тұлғалар үшін | 15102 -AIQYN | 6 ай | 10 500 | 15 871,08 | 11 854,86 |
| Жеке жазылушылар үшін | 65102 – AIQYN | 6 ай | 6 250 | 7604,46 | |

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

АҚОРДА

22 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# ТҮРКІ ТҰТАСТЫҒЫ – ЖАСАМПАЗДЫҚ БАСТАУЫ

*(Басы 1-бетте)*

Мемлекет басшысы соңғы кездегі тарифке қатысты оқиғалар жаһандық сауда саясатындағы өте үлкен өзгерістерге себеп болғанына назар аударды. Президент мұндай дағдарыстар түрлі сын-қатер тудырумен қатар жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын алға тартып, өнеркәсіп, көлік-транзит, ауыл шаруашылығы, цифрландыру сияқты бағыттар бойынша бірлесе әрекет етуді ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орта дәлізді Шығыс пен Батыстың арасындағы негізгі көпірге айналдыруды стратегиялық міндет ретінде атады. Бұл ретте Президент еліміз Қырғызстанмен және Өзбекстанмен шекарадағы рәсімдерді цифрландыру, жүк транзитін жеңілдету үшін нақты шаралар қабылдап жатқанын, сондай-ақ Қазақстан-Қытай шекарасында үшінші темір жол бекетін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдерді ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағыты бойынша халықаралық көлік қатынасын дамытуға шақырды. Аталған жоба түркі елдерінің өңірлік транзит хабы ретіндегі рөлін едәуір нығайтады.

Президент мұнай, газ, уран және тағы да басқа тауарларды жеткізу тізбегін әртараптандыру ісінде Ұйымның әлеуетін пайдалану қажет екеніне назар аударды. Осы ретте Қазақстаннан Еуропа бағытында мұнай жеткізуді арттыру жобасын қолдағаны үшін Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

**САУДАДА БЕРЕКЕ БАР**

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы уақытта халықаралық сарапшылар Транскаспий мұнай және газ құбырларын салу бастамасын талқылап жүргенін атап өтіп, мұндай жобалар өте ауқымды және трансұлттық деңгейдегі ықпалдастықты талап ететінін жеткізді.

Мемлекет басшысының айтуынша, цифрландыру және ақпараттық технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Биыл еліміз Каспий теңізі арқылы оптикалық-талшықты кабель тарту жобасын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде аймақтағы цифрлық байланыс нығая түседі.

– Елдеріміз арасындағы сауда-саттықты жандандырып, тауар түрін көбейту қажет. Өткен жылы Қазақстанның Ұйымға мүше елдермен арадағы алысберісі 11,4 миллиард долларға жетті. Бұл – еліміздің сыртқы саудасының 8 пайызына тең. Әрине, жақсы көрсеткіш. Дегенмен оны арттыра түсу керек. Осыған орай, сауда-саттықты дамыту үшін арнайы құжат әзірлеуді ұсынамын, – деді Президент.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастықты күшейтуге баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы мен Түркі мемлекеттері ұйымы арасындағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде жиілеген табиғат апаттарына қарсы тұру үшін күш жұмылдыру мәселесі аса өзекті. Мәселен, соңғы жылдары Каспий теңізінің деңгейі айтарлықтай төмендеп кетті. Бұл жағдай аймақтың экологиясы мен экономикасына, халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Президент түркі елдерін осыған қатысты бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және ортақ жобалар әзірлеуге үндеді.

**ҚАЗАҚСТАН – ТҮРКІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ**

Жалпы, Түркі ынтымақтастығы ұйымының жұмысы соңғы жылдары қарқын ала түсті. Ресми жиындардан бөлек, жыл сайын бейресми саммит өтеді. Қазақстан 2024 жылы Түркі мемлекеттері ұйымына төрағалық жасаған болатын. «TURKTIME!» ұранын көтерген еліміз ұйымға төрағалық еткен жылда 80-нен астам іс-шара өткізген. Соның ішінде Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтті. Әрі барлық бағытта да ынтымақтастықты күшейтуге мүдделі екенін байқатып келеді.

Жыл басында Ana tili газетінде жарық көрген сұхбатында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде «TURKTIME!» ұранын ұсынды. Бұл аббревиатура өзара қарым-қатынастың дәстүр (Traditions), унификация (Unification), реформалар (Reforms), білім (Knowledge), сенім (Trust), инвестиция (Investments), медиация (Mediation) және энергия (Energy) сияқты сегіз басымдығын білдіреді. Осы басымдықтарды Түркі мемлекеттері ұйымы ғана емес, бүкіл түркі әлемі қызығушылықпен қабыл алды. Қазақстан түркі дүниесін біріктіруді көздейтін барлық жасампаз бастаманы қолдайды, Ресейдің «Алтай – түркілердің алтын бесігі» атты тұжырымдамасына да жақсы қарайды» деген еді. Осылайша, түркі әлемімен өзара серіктестік пен ынтымақтастық Қазақстан сыртқы саясатындағы басым бағыттардың бірі екенін ұдайы еске салып келеді.

Расында, түбі бір түркі жұртының қара шаңырағы саналатын Қазақстан бауырлар арасындағы ынтымақтастықты ешқашан назардан шығарған емес әрі ұйымның бастауында тұрды. Қазақстанның көптеген бастамасының нәтижесінде ұйымға мүше елдердің табысы артып келеді. Будапештегі саммитте Қ.Тоқаев былтыр Қазақстанның тек ТМҰ-ға мүше елдермен ортақ сауда айналымы 11,4 млрд долларға жеткенін айтса, 2024 жылы ұйымға мүше мемлекеттердің өзара сауда-саттық көлемі 45 миллиард доллардан асты. Биыл бұл көрсеткіш 57 млрд долларға жақындаған жайы бар. Ұйым ішкі жалпы өнімнің ортақ көрсеткіші бойынша әлемде 12-орынға шығып, мүше елдердің біріккен сыртқы тауар айналымы 850 млрд долларды құраған. Ал ТМҰ-ға мүше елдердің біріккен ішкі жалпы өнім көлемі 2,1 трлн долларға жеткен. Әрі ұйымға мүше елдердің көбі «Орта дәліз» немесе Транскаспий халықаралық көлік дәлізі жобасы жүзеге асырылып жатқан аймақта орналасқан. Сондықтан ТМҰ әлемдік деңгейдегі көлік-транзиттік, сауда-саттық, технология трансферті, ғылымды дамыту жобаларында маңызды рөл ойнайтын деңгейдегі құрылым. Сонымен қатар ұйым жұмысының жетіле беруі аймақтық және жаһандық қауіпсіздікке де өз әсерін тигізеді. ТМҰ-ға мүше елдердің бірқатары «орта держава» статусына лайық екенін ескерсек, құрылым жұмысының жетілуі БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдардың қызметіне де оң ықпал етері сөзсіз. Ал ұйым тарихында алғаш рет Мажар жерінде ұйымдастырылған бейресми саммитте көтерілген мәселелер ТМҰ қызметінің жаңа белесі болмақ.

Саммит қорытындысы бойынша мемлекет басшылары Түркі мемлекеттері ұйымының Будапешт декларациясын, Мемлекеттер басшылары кеңесінің Ауғанстан жөніндегі мәлімдемесін, «Өзбекстан Республикасын Түркі мәдениеті және мұрасы қорына қосу туралы» шешімді, «Түркі мемлекеттері ұйымы Бас хатшысының өкілеттілік мерзімін ұзарту туралы» шешімді бірауыздан қабылдады. Саммитте Мажарстан Премьер-министрі Виктор Орбан, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

**Ардақ СҰЛТАН**

# МӘСЛИХАТТАРМЕН БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТЫҢ БАСЫМ МІНДЕТТЕРІ БЕЛГІЛЕНДІ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ақтөбе облысының жұртшылығымен, еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және дарынды жастарымен кездесті. Іс-шараларда Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру және өңірді дамыту мәселелері, сондай-ақ палатаның мәслихаттармен өзара іс-қимылының жаңа форматы аясындағы бірлескен жұмыстың басым міндеттері талқыланды.

Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарымен және жұртшылықпен кездесуде өңірлерді нәтижелі дамытып, азаматтардың әл-ауқатын арттыру үшін ел Президентінің бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы іске асырудың маңызды екенін айтты. Осыған байланысты ол заңнамалық сала бойынша алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Соның ішінде экономиканы әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөлінуде. Ұлттық құрылтайдың IV отырысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық және саяси бағдарына қатысты басымдықтар айқындалды. Мұның бәрі – Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Қуатты Қазақстан құру үшін қолға алынған кешенді бастамалар. Мемлекет басшысы белгілеп берген осы міндеттерді іске асыру жолында сенаторлар мен мәслихат депутаттарының жүйелі өзара іс-қимылы мен бірлескен жұмысын әрі қарай жалғастырудың маңызы зор», – деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар палата Спикері Ақтөбе облысының жоғары әлеуеті мен экономикалық өсу қарқынына назар аударды. Кездесуге қатысушылар аймақтың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын дамыту және өңірге инвестиция тарту мәселелерін де талқылады.

Сондай-ақ іс-шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында Мемлекет басшысы жүктеген этносаралық қатынастарды нығайту жөніндегі міндеттер мен биыл қыркүйек айында Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық аясында рухани дипломатияны ілгерілету тетіктері сөз болды.

Өңірдің креативті жастарымен кездесуде білімді жас буынның елді жаңғырту үдерісіндегі рөліне, олардың бойына жасампаз құндылықтар мен өршіл идеяларды сіңірудің және өскелең ұрпақты жүйелі қолдаудың маңызына баса мән берілді. Соның барысында «Ұлттық қор – балаларға», «Болашақ», «Жастар», «Келешек» мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі және басқа да дарынды жастардың әлеуетін арттыруға тың мүмкіндіктер беретін стратегиялық бағдарламалар мен жеңілдіктер туралы айтылды.

Сапар барысында сенаторлар сингапур жүйесі және басқа да озық білім беру бағдарламалары бойынша оқытатын AQBOBEK дарынды балаларға арналған мектеп-интернатына барып, IT-кабинет, Comics Room, өнер, әдебиет залдары мен өзге де мамандандырылған алаңдардың жұмысымен танысты. Бұдан басқа, Парламент депутаттары мүгедектігі бар балаларға арналған «Қамқорлық» оңалту орталығының және фарфордан жасалған бұйымдар шығаратын «Зерде-Керамика Ақтөбе» зауытының еңбек ұжымдарымен кездесті.

Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар Қырғызстанмен және Түрікменстанмен ынтымақтастық туралы халықаралық құжаттарды ратификациялады, сондай-ақ міндетті медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету және инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру туралы заңдарды екінші оқылымда қабылдады.

# ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ ЖЕТІЛЕДІ

Мәжіліс 2024 жылғы 19 сәуірде Астанада қол қойылған Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартты ратификациялады. Ол туралы Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметуллин баяндама жасады. Құжаттың мақсаты – екіжақты ынтымақтастықты жан-жақты дамытуға қосымша серпін беру.

Жұмыс тобының жетекшісі Самат Нұртаза қосымша баяндамасында құжаттың ынтымақтастық салалардың кең ауқымын қамтитынын және оның аясында бірқатар екіжақты келісім іске асып жатқанын атап өтті. Қазір тараптар арасындағы шарттық-құқықтық базада 150-ге жуық екіжақты құжат бар.

– Келісім саяси, экономикалық, көлік, су-энергетика және ауыл шаруашылығы салаларындағы, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар құру арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ екі елдің бауырлас халықтарының рухани және мәдени жақындығын нығайту мәселелерінде ынтымақтастықты нығайтуға екі жақтың бейілділігін растайды, – деді Мәжіліс депутаты.

Сонымен қатар тараптар терроризм, экстремизм, сепаратизм, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс және басқа да тәуекелдерді қоса алғанда, қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен қауіпсіздікке қарсы тұруға баса назар аударады.

Талқылау барысында депутат Ирина Смирнова екі ел басшысының Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы өзара тауар айналымын 2030 жылға қарай 3 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайту жөніндегі тапсырмасы қалай шешіліп жатқанын, қандай серпінді жобалар мен бастамалардың жүзеге асырылып жатқанын және жоспарланғанын сұрады.

Сауда және интеграция вице-министрі Әсет Нүсіповтың айтуынша, серпінді жобалардың бірі – Қазақстан мен Қырғызстан шекарасындағы өнеркәсіптік сауда-логистикалық кешен. Оның құрылысы келесі жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс. Сонымен қатар Қазақстанның мұнай-химия, химия, металлургия, фармацевтикалық және азық-түлік өнімдерін, сондай-ақ көлік құралдары мен құрылыс тауарларын экспорттау мүмкіндігі жоғары.

Мәжілісмендер 2024 жылғы 10 қазанда Ашхабад қаласында жасалған Қазақстан мен Түрікменстан үкіметтері арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісімді де ратификациялады. Құжат бойынша Сыртқы істер министрінің орынбасары Әлібек Қуантыров баяндама жасады.

– Келісімнің негізгі мақсаты – екі ел арасындағы инвестициялық қызметке қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ Қазақстан мен Түрікменстан инвесторларына өз мемлекетінің аумағы шегінде әділ әрі тең құқықты режим мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, – деді жұмыс тобының жетекшісі Б.Керімбек.

Оның айтуынша, құжатта екі елдің инвесторлары үшін қолайлы инвестициялық орта құруға және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтуға ықпал ететін негіздік шарттар мен кепілдіктер қарастырылған.

Жалпы отырыс барысында Мәжіліс инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Түзетулер бірыңғай

инновациялық кластер құру және оған қатысушыларды кеңейту арқылы инновациялық қызмет жағдайын жақсартуға арналған.

Жұмыс тобының жетекшісі Айтуар Қошмамбетов заң аясында «Инновациялық технологиялар паркі» автономды кластерлік қоры мен «Астана хаб» халықаралық технопаркі біріктірілетінін айтты. Бұл ретте барлық қатысушы үшін бірыңғай құқықтық база мен ортақ преференциялар құрылады, ал біріктірілгеннен кейін қолданыстағы жеңілдіктер мен қолдау құралдары сақталады.

Басқа түзетулер «Ұлттық инновациялық жүйенің» бірыңғай терезесі арқылы инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну рәсімдерінің ашықтығын арттыруға бағытталған. Ол жер қойнауын пайдаланушылар мен инноваторларға ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жобаларын, стартаптарды қаржыландырудың басқа да бағдарламаларын іске асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылардың қаражатын бөлу мен игерудің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Жалпы отырыста міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызмет көрсету мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер де екінші оқылымда қабылданды. Ол міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру саласындағы мемлекеттік қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін жетілдіруге бағытталған.

Жұмыс тобының жетекшісі Гүлдара Нұрымның айтуынша, заңда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызмет түрлерін ажырата отырып, медициналық көмектің бірыңғай пакетін құру ұсынылып отыр. Бұл ретте тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі пакетінде бастапқы емдеу кезінде және әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша қызметтерді көрсету кезінде, сондай-ақ сақтандыру мәртебесіне қарамастан жеке скринингтік тексерулер кезінде бастапқы медициналық-санитарлық көмектің базалық пакеті сақталады.

Міндетті медициналық сақтандыру жүйесіне жарналар мен аударымдардың жоғарғы шегі жұмыс берушілер үшін 40 ең төменгі жалақы және қызметкерлер үшін 20 ең төменгі жалақы мөлшерінде белгіленді. Бұл ретте «Д» және «Е» санаттарына жататын жұмыссыздар мен жұмыс істемейтін тұлғаларға (дағдарыс, әлеуметтік қамтудың төтенше деңгейлері) жергілікті бюджет қаражаты есебінен жарналар енгізу ұсынылады. Сондай-ақ мәжілісмендердің бастамасымен 60 ай бойы үздіксіз жарна төлеген тұлғалардың сақтандыру мәртебесі жарна төлеу тоқтатылған сәттен бастап алты айға дейін сақталады.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының және денсаулық сақтау субъектілерінің қаржылық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін депутаттар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі қаражаттың жұмсалуы туралы ақпаратты ресми интернет-ресурстарда міндетті түрде жариялауға қатысты түзету енгізді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: дамушы елдерді ерекше ескере отырып, ең төмен жалақыны белгілеу туралы конвенцияны (131 - конвенция) ратификациялау туралы; Қазақстан мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы қарыз туралы келісімді (Қазақстанның инклюзивті экономикасы үшін жеделдетілген цифрландыру жобасы) ратификациялау туралы заң жобалары.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 17 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram-арнасында жарияланды.

# БАҒДАР

22 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ДӘРІПТЕУІМІЗ КЕРЕК

2024 жылғы Олимпиада ойындарының күміс жүлде иегері Нариман Құрбанов, аралас жекпе-жек шебері Арман Оспанов, джиу-джитсудан әлем чемпионы Альберт Алдияров, UFC жауынгері Асу Алмабаев. Отандық спорт жұлдыздары Алматыдағы 28 гвардиялық-панфиловшылар атындағы саябақта жиналып, салауатты өмір салтын дәріптеуге бағытталған жаңа «Чемпиондық рух» жобасын бастап берді. Спортшылар 200-ден астам адамға ашық аспан астында жаппай жаттығу өткізді. Іс-шараны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырды.

Жобаның басты мақсаты – жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, олардың спортқа деген қызығушылығын арттыру. Жоба шеңберінде тек жаттығулар ғана емес, түрлі бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылады. Алматыда бастау алған жоба ел аумағында жалғасын табады.

«Жастар Рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерованың айтуынша, «Чемпиондық рух» тек спорттық жаттығулар мен жарыстар ұйымдастыруды көздейтін жоба ғана емес, ол – жастар қауымының денсаулығын нығайтуға бағытталған кешенді қадам.

«Чемпиондық рух» жобасы – спорт пен салауатты өмір салты ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі тануға, жауапкершілікке және рухани дамуға жетелейтін жол. Тұрақты жаттығулар, танымал спортшылармен кездесулер және белсенді қарым-қатынас жастардың өз-өзіне деген сенімін арттыруға, дұрыс әдет қалыптастыруға және қиындықтарды жеңе білуді үйренуге көмектеседі деген сенімдеміз. Бұл біздің мықты әрі дені сау ұрпақ тәрбиелеуге қосқан үлесіміз», – деді ол.

Іс-шараға Мәжіліс депутаты, Alash Pride клубының президенті Данияр Қасқарауов, Алматы облысының мәслихат депутаты Нұрсұлтан Орынбасаров, Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының басшысы Азиз Кажденбек және өзге де азаматтар қатысты.

Жоба амбассадоры, джиу-джитсу мен грэпплингтен спорт шебері Нұрсұлтан Орынбасаров бұқаралық спортты дамытып, тұрғындар арасында насихаттаудың маңызын атап өтті. Сондай-ақ ол ашық аспан астында жастармен жаттығу өткізді.

«Спорт – өмір салты. Осындай жобалар арқылы біз жастардың көшбасшылық қасиетін, командалық рухы мен жеңіске деген ерік-жігерін қалыптастыратын кеңістік құрамыз. Бұл біздің ортақ болашағымызға құйылған инвестиция», – деді ол.

Таңғы жаттығудың ең жас қатысушысы 4 жасар Әли әкесімен бірге белсенділік танытып, жиналған көпшіліктің назарын аударды. Әлидің спортқа деген қызығушылығы мен энергиясы өзге де қатысушыларды ынталандырды. Белсенді қатысушыларға чемпиондардың қолтаңбасы бар арнайы сыйлықтар табысталды.

Осылайша, елімізде «Чемпиондық рух» жобасы бастау алды. Алдағы уақытта таңғы жаттығу, ашық аспан астында дене шынықтыру, шеберлік сағаттары, танымал спортшылармен кездесулер ұйымдастырылады. Бұл жай ғана физикалық белсенділік емес, бұл – жас ұрпақты игі іс төңірегінде топтастыратын қозғалыс, бұл – қайсар мінез қалыптастыратын күш. Әр қадам, әр жаттығу сайын рухы мықты, денесі сау, тек шаршы алаңда ғана емес, өмірде де жеңіске жетуге дайын жаңа ұрпақ шындалады.

## ЖҰМЫСШЫ ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жарияланған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында «AMANAT» партиясының Ақтөбе облыстық филиалы жанындағы Әйелдер қанатының ұйымдастыруымен өндірістегі жұмысшы әйелдердің өңірлік форумы өтті. Іс-шараға қатысушылар еңбектегі тәжірибелерімен бөлісіп, жаңа идеялар мен бастамаларды талқылады.

Жалпы, өңірде алты мыңнан астам әйел адам өндіріс саласында еңбек етеді. Олардың көбі зауыттарда ауыр станоктарды, техникаларды басқарады. Ақтөбе ферроқорытпа зауытында 10 жылдан астам уақыт еңбек етіп жүрген білікті мамандар да бар.

«Зауытта екі ауысыммен жұмыс істейтін алты әйел бар. Біз хромды шлактан тазартып, дайын металл өнімдерін аламыз. Бұл өнімдер кейін шетелге экспортталады. Қиындығына қарамастан, осындай ірі өндіріс орнында еңбек етіп жүргенімізге қуаныштымыз. Форумға шақырып, еңбегімізді елеп жатқандарыңызға алғысымыз шексіз», – деді зауыт жұмысшысы Алмагүл Көппағамбетова.

Аймақта партиялық жобалар да жемісін беруде. Мәселен, Алға ауданының кәсіпкері Райхангүл Жанпейісова «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көріп отырғанын айтты. Ол екі жыл жоба аясында жеңілдетілген несие алып, өз кәсібін ашқан. Бүгінде қазақтың ұлттық сусыны – көже дайындап, өнімін Ақтөбе және Алға қаласы дүкендеріне сатылымға шығарып отыр. Болашақта шағын көже цехын ашу жоспарында бар.

Форумға қатысқан жұмысшылардың тағы бірі – Татьяна Брайлова. Ол темірбетон бұйымдарын шығаратын кәсіпорында 1970 жылдан бері жұмыс істейді. Тәжірибелі маман алғашқы еңбек жолын өндірістік мекемедегі дөңгелек суөткізгіш құбырларды бақылау шебері ретінде бастапты.

«Еңбек адамы – бұл өз күшін аямай, қоғамның күнделікті өміріне үлес қосатын маман. Ал әйелге еңбеккорлық пен қамқорлық тән, бұл – оның табиғаты. Мен 1970 жылдан бастап шығарылатын өнімнің сапасын техникалық бақылау, стандарттау, ал 2005 жылдан бастап ISO 9001 халықаралық сапа менеджменті жүйесінің енгізілуі мен жұмыс істеуін ұйымдастырумен айналысамын. Қазір бас директордың көмекшісімін», – деді ол.

«AMANAT» партиясының облыстық филиалы төрағасы Ербол Данағұловтың айтуынша, облыста 457,8 мың адам жұмыспен қамтылған. Оның 49 пайызын әйелдер құрайды. Өнеркәсіп, құрылыс және басқа да жұмысшы мамандықтарын игерген 44 909 ақтөбеліктің 6 732-сі, яғни 15 пайызы – әйелдер.

Айта кету керек, форумда он екі әйел «AMANAT» партиясы қатарына қабылданды.

## ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Шымкент қаласында «AMANAT» партиясының аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында пәндік олимпиадаларда топ жарып, қаланың абыройын асқақтатқан оқушыларға арнайы құрмет көрсетілді.

Іс-шараға Қаратау аудандық филиалының төрағасы Бауыржан Кеңесұлы қатысып, әртүрлі мектептерден жиналған 20-ға жуық дарынды оқушыға өзінің алғыс хатын табыстап, бағалы сыйлықтар тарту етті. Марапаттау барысында ол білім бәйгесінде үздік шыққан оқушыларға сәттілік тілеп, олардың болашағына сенім білдірді.

«Бүгін біз тек үздіктерді ғана емес, болашақтың жарқын иелерін марапаттап отырмыз. Ел ертеңі – білімді ұрпақтың қолында. Сіздердің жетістіктеріңіз – тек өз мектептеріңіздің емес, тұтас қаламыздың мерейі. Алда да осындай жетістіктеріңіз көп болсын», – деді Бауыржан Кеңесұлы оқушыларға арнаған сөзінде.

Марапатталған оқушылар негізінен қазақ тілі, математика, информатика, химия пәндерінен жоғары нәтижелер көрсеткен. Солардың қатарында №72 жалпы орта мектебінің 7-сынып оқушысы Нығымет Құрбанбай да бар. Ол бұған дейін түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, 10-нан астам марапатқа ие болған.

«Мен болашақта ұстаз болуды армандаймын. Қазір орыс және ағылшын тілдерін тереңдетіп үйреніп жүрмін. Сонымен қатар қолөнермен айналысып, нарыққа тың дүниелер шығарғым келеді. Бүгінгі марапат – болашаққа деген сенімімді нығайтты. Осындай құрмет көрсетіп жатқан аға-әпкелеріме алғысымды білдіремін», – деді ол өз әсерімен бөлісіп.

Іс-шара барысында бірқатар оқушылар өздерінің робототехника бағытындағы жаңа жобаларын таныстырды. Олар ауыл шаруашылығына арналған автоматтандырылған құрылғыларды ұсынып, бақша өнімдерінің өнімділігін арттыру және шығындарын азайту жолдарын көрсетіп берді. Бауыржан Кеңесұлы оқушылардың еңбегіне жоғары баға беріп, бұл жобалардың болашағы зор екенін атап өтті.

Айта кетейік, Шымкент қаласының оқушылары түрлі пәндік олимпиадаларда тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсетіп келеді. «Бақытты отбасы» жобасы аясында алдағы уақытта да осындай дарынды шәкірттерді қолдау және марапаттау ісі жалғасын таппақ.

## ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

Инфрақұрылым қолжетімділігін арттыру «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында қолға алынған.

Алматы облысында мектепке, емханаға немесе мемлекеттік мекемеге кіріп-шығу қиын болып келген мыңдаған азамат үшін жағдай біртіндеп жақсарып келеді. Соңғы екі жылда өңірде 780-ге жуық әлеуметтік нысан мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделді. Бұл – «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында жүзеге асқан жұмыс.

Партия өкілдерінің мәліметінше, облыста бейімдеуді қажет ететін 1 300-ден астам нысан бар. Қазірдің өзінде олардың 780-іне пандус, тактильді жолақ, арнайы санитарлық бөлме, кең киреберіс сынды қолжетімділік элементтері орнатылған. Биылдың өзінде 24 рейд жүргізіліп, 69 нысан тексерілді. Соның 22-сінен кемшіліктер анықталып, жауапты мекемелерге ескерту берілген.

«Бүгінгі таңда облыста 40 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі азамат тұрады. Олар үшін мектепке, емханаға немесе мемлекеттік мекемеге өз бетімен кіріп-шығу – үлкен мәселе. Біз бұл кедергілерді жою үшін нақты жұмыс жүргізіп жатырмыз. Биылдың өзінде 84 мектеп пен балабақшаны бейімдеу жоспарланған. Қазірдің өзінде 36 нысанда жұмыс аяқталды», – деді «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ерлан Жақупов.

Бейімделген 36 нысанның ішінде 13-і – денсаулық сақтау мекемесі, 6-ы – білім беру ұйымы, 10-ы – мемлекеттік мекеме. Партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында 2027 жылға дейін облыста тағы 421 білім беру нысанын бейімдеу көзделген.

Сонымен қатар өңірде инклюзивті білім беру мен оңалту бағыты бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бүгінде 19 инклюзивті кабинет жұмыс істейді. 22 оңалту орталығы 937 баланы қамтып отыр. Сондай-ақ ерекше балалардың бейімделуіне арналған 110-нан астам мәдени және спорттық іс-шара ұйымдастырылған.

Айта кету керек, «Кедергісіз келешек» – «AMANAT» партиясының мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған инфрақұрылымды жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобасы. Жоба аясында қолжетімді орта құру, инклюзивті білім беру және оңалту бағыттары қамтылған.

## ӨҢІРЛЕР КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН ҚАМТЫЛУДА

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған басым бағыттардың бірі – елді мекендерді газдандыру. Осы мақсат аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобалардың бірі – «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры. Аталған жобаның арқасында Жетісу облысының Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 66 елді мекен көгілдір отынмен қамтылмақ.

Қазіргі таңда газ құбырының желілік бөлігін салу жұмыстары толық аяқталды. Сонымен қатар күрделі табиғи бедерлер мен суасты өткелдері сияқты кедергілерден өтетін учаскелерде құрылыс жұмыстары аяқталу сатысында тұр. Жоба аясында 302,4 шақырым газ құбыры, 6 бұрма құбыр және «Жансүгіров», «Қапал», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай», «Үшарал» елді мекендерінде автоматты газ тарату стансаларын салу жоспарланған. Бүгінде барлық алты стансаның құрылысы қатар басталып, 2025 жылдың тамыз айына дейін аяқтау көзделіп отыр.

Құрылыс жұмыстарына 148 арнайы техника мен 356 жұмысшы жұмылдырылған. Жоба ерекше бақылауға алынып, жоспардан ілгері жүріп келеді. Биылдың өзінде 6 елді мекенге газ жеткізу көзделсе, қалған 60 ауыл 2026 жылы көгілдір отынға қосылады. Газбен қамтылатын нысандардың қатарында Ақсу қант зауыты да бар.

Жалпы, Жетісу облысында 192 елді мекен газдандыруға жатады. Облыс жаңадан құрылған кезде бар болғаны 5 елді мекенде ғана газ болса, бүгінде олардың саны 84-ке жетіп, газдандыру деңгейі 58,2%-ды құрап отыр. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 126 елді мекенге жетіп, 71,4%-ға дейін артады деп күтілуде. Бұл – 500 мыңға жуық тұрғын газдың игілігін көреді деген сөз.

«Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының аяқталуы өңір халқының өмір сүру сапасын арттырып, әлеуметтік-экономикалық дамуына тың серпін бермек.

Бетті дайындаған Елнар ЕЛТАЙ

ҚОҒАМ

22 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# ЕҢБЕК ЕРДІ ДАҢҚҚА, ЕЛДІ ДАМУҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

**Зерттеу анықтағандай, еңбеккерлердің жартысына жуығы 250 мың теңгеден аз алады. Бірақ кейінгі жылдары жағдай жақсарған. Соңғы 5 жылда халық табысын арттыру бағытында біраз жетістікке қол жеткізілді, бірақ атқарылатын шаруа да жетерлік. Бір жақсысы, халқының еңбекқорлығын, экономикасының кемелдігін, құрал-жабдығының жетілгенін көрсететін «еңбек өнімділігі» елде бұрын болмаған тарихи ең биік межеге – әр жұмысшыға шаққанда 12,6 миллион теңгеге жетіп отыр.**

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Ұлттық статистика бюросының есебінде айтылғандай, 2024 жылдың қорытындысында Қазақстандағы жалдамалы жұмыскерлердің 71,1%-ының немесе 3,4 миллион қызметкердің 2,4 миллионының еңбекақысы республикадағы орташа атаулы-номиналды жалақыға да жетпейді. Атаулы жалақының орташа мәні былтырғы 4-тоқсан қорытындысында 434 982 теңгені құраған еді. Бұл ретте еңбеккерлердің жартысына жуығы – 1,5 миллионы тіпті 250 мың теңгеден де аз алады.

Жұмыс берушілері елдегі орташа жалақыдан жоғары төлейтін жұмыскерлердің үлесі 30%-ға жетпейді. Ал көптеген қазақстандыққа арман болған 1 миллион теңге және одан көп жалақы алатындардың үлесі небәрі 3,3% немесе 112 мың адам.

Ұлттық статистика бюросы кедейлердің қай салада көп екенін атады. Мысалы, ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі, халықты асыраудағы стратегиялық рөліне қарамастан, ауыл шаруашылығындағы жалдамалы еңбеккерлер басқаға қарағанда өте аз алады. Соның салдарынан, елдегі орташа жалақыдан төмен еңбекақы алатын малшы, диқан-бақшашы, балықшы, орманшының үлесі 90,9% болды.

Жұмысшылары жарлы-жақыбай деңгейінде тіршілік ететін салаларға, сондай-ақ өнер, көңіл көтеру және демалыс (еңбеккерлерінің 88,7%-ы орташадан төмен табады), әлеуметтік қамсыздандыру және мемлекеттік қызмет (86,2%), әкімшілік және қосымша қызмет көрсету салалары (81,4%) жатады.

Ал 400 мың теңгеге дейінгі жалақы алатын жұмыскерлері санының аздығы жөнінен бірінші орында қаржы және сақтандыру (47,8%-ы аз алады), өнеркәсіп (54,1%) тұр. Айына 1 миллион теңгеден көп табатыны негізінен қаржыгер мен сақтандырушы (13,9%, 10,5 мың адам), IT саласы мамандары мен байланыс қызметкерлері (12,6% немесе 6,6 мың адам).

Статорган дерегінше, 2019 жылдан бері елде атаулы, медианды және модальды (ең жиі кездесетін) жалақының бәрі өсті. 2019 жылы атаулы жалақы – 186,8 мың теңгені, медиандысы – 112,3 мың, модальдысы 49 мың теңгені ғана құрады. 2024 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше, 403,3 мың, 285,7 мың және 97,6 мың теңгеге жетті.

Ұлттық статбюро мәліметінше, соңғы 5 жылда қазақстандықтардың жан басына шаққандағы ақшалай табысы 2 есе өсті. Ақшалай табыстарға жалақы (жалпы көлемдегі үлесі – 66,1%), зейнетақы (16,6%), өзін-өзі еңбекпен қамту және кәсіпкерлік табыстары (9,2%), сондай-ақ жәрдемақы, әлеуметтік төлемдер, тұрғын үй көмегі және АӘК (3,9%) кіреді. Соның ішінде мысалы, орташа атаулы жалақы 5 жылда 2,2 есеге, 186,8 мың теңгеден биыл 423 мың теңгеге дейін өсіпті.

– 2025 жылғы I тоқсанда бағалау бойынша жалақының медианалық мәні 300 307 теңгені құрады. Ал орташа атаулы жалақы 2025 жылғы I тоқсанда 423 133 теңге болды, бұл былтырғы тиісті тоқсандағыдан 10,7%-ға артық. 2024 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда орташа айлық жалақының ең жоғарғы өсімі ақпарат және байланыс (31,3%), ауыл, орман және балық шаруашылығы (17,3%), өнер, ойын-сауық және демалыс (16,1%) салаларында байқалды, – деді ведомство.

Әйткенмен, Ranking сарапшылары өскен жалақыны нарықтағы өскен баға «жеп қойып» жатқанына екпін түсірді: «Әрине, қазақстандықтардың атаулы жәрдемақысында жыл сайын өсім бар. Бірақ нақты жалақы индексі еңбек табыстарының өсімінің мейлінше шынайы индикаторы саналады. Себебі ол инфляцияны және халықтың тұтынушылық қабілетін есепке алады. Мұнда жағдай сонша оптимистік сипатта емес. Соңғы 2 жылда қазақстандықтардың жалақысының нақты тұтынушылық қабілеті еселеп емес, бар-жоғы 2,7%-ға өсті. 2019 жылы бірден 9,1%-ға өсіп еді. Ендеше 5 жылда өсім қарқыны қатты құлдырады», – дейді сарапшылар. Сандар мұның да шындық екенін растайды.

## ЕЛ АУҚАТЫ АУЫЛДАН БАСТАЛАДЫ

Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің айтуынша, халықтың табысын, соның ішінде ауыл халқының әл-ауқатын арттыру және олардың экономикалық белсенділігін ынталандыру үшін 2023 жылдан бері ауылдың бірыңғай бағдарламасы – «Ауыл аманаты» іске асырылып жатыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты – арзан несие мен тегін гранттар тарату арқылы ауылдықтардың өз бизнесін ашуына көмектесу, сондай-ақ түрлі курстарда оқытып, қайта даярлау, агро-экономикалық біліктілігін кеңейту арқылы оларды жұмыспен қамтып, табысын ұлғайту.

– Бағдарлама аясында 2023 жылы республикалық бюджеттен 100 млрд теңге бөлінді. Бұл сол жылы 15,1 мың шағын несие беруге және 16,4 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. Алайда 2024 жылы су тасқынын және бюджет мүмкіндіктерінің шектелуін ескеріп, 27 млрд теңге ғана бағытталды, бұл 2,1 мыңнан астам жұмыс орнын құруға ықпал етті. Бағдарламаны одан әрі іске асыру үшін биыл республикалық бюджетте 50 млрд теңге бөлініп отыр. Сондай-ақ бюджетті нақтылау және басқа бағыттардың қаражатын қайта бөлу арқылы қосымша қаржыландыру пысықталады, – деді Серік Мақашұлы.

Өткен жылғы сияқты, 2025 жылы да ауыл тұрғындарының кооперативтер құруын ынталандыру мақсатында жылдық 2,5% мөлшерлемемен 8 мың АЕК-ке (31,4 миллион теңгеге) дейін жеңілдікті кредит таратылмақ. Мәселен, 2024 жылы 4,6 млрд теңге сомасына 182 кооператив қаржыландырылды. Былтыр кооперативтерге уақытша пайдалану шартымен 68,6 мың гектар жер учаскесі берілді. Бұл да ауылдықтардың табысын арттыруға бағытталған.

– Президенттің жоғары рентабельді ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге баса назар аударып, агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыру тапсырмасына сәйкес, ауыл халқының экономикалық сауаттылығын арттыру шаралары қабылданып жатыр. «АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету» бағдарламасы қолға алынды. Ол фермерлердің білімі мен кәсіби дағдыларының деңгейін арттыруға, қазіргі заманғы агротехнологиялар және ағымдағы нарықтық жағдайды ескеріп, саланы дамытудың басым бағыттары туралы хабардар етуге бағытталған, – деді еліміздің бас экономисі.

Ауылдықтарды осы бағдарлама аясында оқыту «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» (ҰАҒБО) базасында өткізіледі. Оның барысында көкөніс және бақша дақылдарын ұтымды өсіру, мал шаруашылығын дамыту, соның ішінде сиыр, құс, жылқы, ара және балық өсіру, олардың өнімдерін қайта өңдеу, сондай-ақ ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалай басқару туралы білім беріледі екен.

Бүгінде ҰАҒБО 29 білімді тарату орталығын (БТО) құрды, онда 100-ден астам сарапшы, ғылым докторлары мен кандидаттары жұмыс істейді. 2024 жылы білім беру іс-шараларын іске асыруға 350 млн теңге бөлінді, бұл мыңнан астам оқыту іс-шараларын өткізуге мүмкіндік берді. 2025 жылы 366 млн теңге қаржы берілмек. Серік Жұманғариннің айтуынша, алдағы уақытта осындай білім беру бастамаларын масштабтау арқылы 2030 жылға қарай жыл сайын 110 мыңнан астам адамды ауыл кәсібіне үйрету көзделген. Ол үшін ҰАҒБО оқу орталықтары желісін 40 БТО-ға дейін кеңейту жоспарланды. Әйтпесе, өз кәсібін ашпаса, ауылда жалдамалы жұмысқа тұратындай жұмыс орны көп емес екені мәлім.

## СТАТИСТИКА ТҮЗЕЛСЕ, МІН ДЕ ТҮЗЕЛЕДІ

Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, Үкімет халықты жұмыспен қамту жұмыстарын жандандыруға тиіс. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың айтуынша, Президент бір жылда 1 миллионға жуық қазақстандықты жұмысқа орналастыру, қолданыстағы сапалы жұмыс орындарының санын 2025 жылы 2,8 миллионға жеткізу жөнінде міндет қойды. Жыл болса, ортасына таяды.

2029 жылға қарай 3,8 млн сапалы жұмыс орны құрылуы қажет. Ұлттық жобалар, Мемлекет басшысының «Әрбір 10 мың адамға шаққанда 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы, «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», уақытша және тұрақты жұмыспен қамтудың басқа шаралары осы міндетті орындауға жұмылдырылады.

> **2029 жылға қарай 3,8 млн сапалы жұмыс орны құрылуы қажет. Ұлттық жобалар, Мемлекет басшысының «Әрбір 10 мың адамға шаққанда 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы, «Жастар практикасы», «Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», уақытша және тұрақты жұмыспен қамтудың басқа шаралары осы міндетті орындауға жұмылдырылады.**

Үкімет «Еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Оның шеңберінде, әсіресе жас мамандар үшін тұрақты жұмыс орындарын көбірек құру көзделген. Бүгінде колледж бітірген түлектердің 25%-ға жуығы өз мамандығымен жұмыс істемейді. Үкіметке жаңа жұмыс күші қажет етілетін барлық жобаны қадағалап, жұмыс берушілермен бірге жұмыспен қамтудың цифрлық мониторингі арқылы өзара іс-қимылды жолға қою жүктелді.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Елнұр Бейсенбаев қазіргі күрделі заманда еңбекпен қамту және халық табысын арттыру – бірінші кезекті басымдық саналатынын нықтады. Бұл туралы Президент бірнеше рет айтты.

– Алайда осы басымдықты жүзеге асыруға жауапты министрліктердің әрекеті, сылбыр қимылы салмақты алаңдаушылық туғызады. Жұмыссыздықтың шынайы деңгейін әлі күнге төмендетіп көрсетіп келеді. Бұл еңбек нарығындағы нақты көріністі бұрмалауға, соның кесірінен қате шешім мен тиімсіз еңбекпен қамту бағдарламаларын қабылдауға соқтырды. Проблеманы кешенді шешіп, азаматтардың ұзақ мерзімге жұмысқа орналасуына жағдай жасау орнына шенеуніктер де, әкім-қаралар да бюджет қаражатын, мемлекет ресурстарын уақытша, көзбояу жұмыс орындарын құруға шығындап жатыр, – дейді депутат.

Еуразиялық экономикалық комиссияның хабарлауынша, Қазақстан тіпті ресми тіркелген жұмыссыздарының саны жөнінен Еуразиялық одақтағы барлық елді, Ресейдің өзін басып озды. 2025 жылғы ақпанның қорытындысы бойынша, Қазақстанда жұмыссыздардың жалпы саны – 333,1 мың адамды, бүкіл Ресейде 283 мың адамды құраған.

Өйткені қазақстандық жауапты шенділер салада өзіне жүктелген міндетті толыққанды орындамаған. 2024 жылы 948 мың қазақстандықты еңбекпен қамту жоспары бекітілсе, іс жүзінде 845 мыңнан астам адам ғана «екі қолға бір күрек» тапқан. Жылдық жоспар тек 89%-ға орындалды. Сол себепті Үкімет басшысы Олжас Бектенов 2025 жылдан бастап, әрбір әкімнің жұмысын тұрғындардың тұрмысын жақсартудың және жұмыспен қамтудың нақты индикаторлары бойынша бағалауды (KPI) енгізді.

Елнұр Бейсенбаевтың пайымдауынша, жұмыспен қамтылғандар қатарына маусымдық жұмысшыларды, қоғамдық жұмыстарда уақытша еңбекпен қамтылғандарды, сондай-ақ тұрақты табысы жоқ 2 миллиондай өзін-өзі жұмыспен қамтушыны да қоса салады. Сондықтан депутат елдегі шынайы жұмыссыздық әлдеқайда жоғары және ең кемі 12%-ға жетеді деп тұспалдады. Себебі 3,5 миллион адам медсақтандырылмаған, 1 миллионнан астам еңбеккердің зейнетақы жинақтары жоқ.

Осыған байланысты «аманаттық» депутаттар Үкіметке ұсыныспен шығып, жұмыссыздық туралы нақты ахуалды білу үшін деректерді жинау мен талдаудың барынша дәл, әділ әдісін әзірлеуді сұрады. «Ауруын жасырған өледі» дейді халық даналығы, нақты симптомдарын білмей, дертті де жазу қиын. Мұның сыртында қалаулылар қазақстандықтарды лайықты жалақысы бар ұзақмерзімді және тұрақты еңбекпен қамтуға бағытталған жаңа кешенді стратегияны енгізуді ұсынды.

Қорыта айтқанда, Үкімет елді еңбекпен қамтуға, табысын арттыруға шындап кіріскен сыңайда. Осы мақсатта ел 5 макроөңірге бөлінді – Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс, Орталық. Осы әрбір макроөңірдің еңбек нарығындағы сұраныс, демографиялық және инфрақұрылымдық ерекшеліктері ескеріледі, әрқайсысы үшін тұрғынын табысқа кенелтер басымдықты экономикалық салалары мен даму бағыттары анықталды. Бұдан не шыққанын уақыт пен тәжірибе көрсетеді.

**Елдос СЕНБАЙ**

# КАПИТАЛҒА ҚАРЖЫ ҚҰЮ ҚАРҚЫНЫ АРТТЫ

*(Басы 1-бетте)*

**Кәмила ДҮЙСЕН**

Ал қаржыландыру көздері арасында ең ірі үлес – 66,2%-ы кәсіпорындардың меншікті қаражаттары. Мемлекеттік бюджеттің үлесі 22,1%-ға жетіп, өткен жылмен салыстырғанда үш есе өскен. Бұл – мемлекеттің инвестициялық процеске белсенді қатысып отырғанының айғағы. Ал банктік несиелердің үлесі небәрі 3,5%-ы ғана болған, оның ішінде шетелдік банктерден алынған несие – 0,2%. Қалған 8,2% өзге де қарыз қаражаттарынан құралған.

Жекеменшік сектор белсенділігі жоғары болғанымен, банктік қаржыландырудың әлсіздігі инвестициялық нарықтың әлі де даму қажеттілігін көрсетеді. Мемлекеттік бюджет есебінен салынған инвестициялардың үлесі өскенімен, бұл ұзақмерзімді тұрақты даму үшін жеке сектордың рөлін күшейту қажеттігін жоққа шығармайды.

Салалық бөліністе инвестициялардың 39,5%-ы өнеркәсіп саласына бағытталған. Оның ішінде кен өндіру – 18,7%, өңдеу өнеркәсібі – 12,7%, электрмен және сумен жабдықтау салалары 4,9% және 3,2% құраған. Сонымен қатар жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларға – 20,9%, көлік пен қоймалауға – 13,2%, білім беру саласына – 9,7%, ауыл, орман және балық шаруашылығына – 3,8% инвестиция тартылған. Қалған инвестициялар сауда, байланыс, қаржы, денсаулық сақтау және өзге де қызмет көрсету салаларына бөлінген.

Аймақтық бөліністе инвестициялық өсім Жамбыл, Жетісу, Түркістан облыстары мен Шымкент, Алматы, Астана қалаларында айқын байқалды. Мәселен, Жамбыл облысында инвестиция көлемі 66,8%-ға, Жетісуда – 63,8%-ға, Түркістанда – 55,7%-ға, ал Шымкентте 54%-ға өскен. Алайда кейбір өңірлерде, керісінше, күрт төмендеу тіркелген: Атырау облысында инвестициялар көлемі 40,4%-ға, Ұлытау облысында – 29,3%-ға, Солтүстік Қазақстанда 9,9%-ға азайған.

Ал ел аумағындағы инвестициялардың ең үлкен үлесі Алматы (12,4%) мен Астана (11,6%) қалаларына тиесілі. Жалпы күрделі салымдардың жартысына жуығын ірі және орта кәсіпорындар жүзеге асырған. Шағын бизнес те белсенділік танытып отыр: 2025 жылы олардың инвестициялары 2,4 трлн теңгеден асып, барлық инвестиция көлемінің 54%-ын құраған. Бұл олардың санының көптігімен, икемділігімен және мемлекет тарапынан көрсетілген қолдаумен байланысты. Сонымен қатар ірі кәсіпорындардың инвестиция көлемі 2024 жылмен салыстырғанда аздап төмендеген.

Дегенмен Halyk Finance сараптама орталығының мамандары мемлекеттік шығындар мен жеке құрылыс салушылардың қаражатын есепке алмағанда, инвестициялар 2,6%-ға төмендегенін айтады. Бұл теріс динамика екінші жыл қатарынан байқалуда, және экономиканың ұзақмерзімді тұрақты дамуына қауіп төндіреді. Сонымен қатар өнеркәсіптегі инвестиция көлемі 2,5%-ға азайған.

«Құрылыс саласында өткен жылғы жоғары өсімнен кейін (+63,3%) биылғы жылы 14,2%-ға төмендеу тіркелді. Өнеркәсіптегі НКИ төмендеуі, ең алдымен, таукен өндіру саласындағы инвестициялардың қысқаруымен байланысты, бұл сала өнеркәсіптегі жалпы инвестиция көлемінің 47,4%-ын құрайды», – дейді орталық сарапшысы Салтанат Игенбекова.

Оның айтуынша, негізгі капиталға салынған инвестициялар көрсеткіші – экономиканың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін технологиялық жаңару мен еңбек өнімділігін арттыру тұрғысынан маңызды.

«Мемлекеттік қаржыландырудың үлесі әлі де жоғары. Бұл 2024 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 2,6 есе өскен (сол кезде үлесі 10,0% болған). Ал кәсіпорындардың меншікті қаражатының үлесі 76,3%-дан 66,2%-ға дейін азайған. Дегенмен кәсіпорындардың меншікті қаражаттары құрамында квазимемлекеттік сектор қаражаты бар екенін ескерген жөн.

Сонымен бірге қарыз қаражат есебінен қаржыландыру да төмен деңгейде, сақталуда, бұл инвестициялардың ауқымы мен өсу қарқынына кері әсерін тигізуде», – дейді ол.

Маманның сөзіне сүйенсек, инвестициялық саладағы қазіргі үрдістер жеке кәсіпкерлікті дамыту мен жоғары өнімді секторларға инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау қажеттігін көрсетіп отыр. Бұл – экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етудің маңызды шарты.

Ел экономикасының ілгерілеуіне негізгі капиталдан бөлек, тікелей шетелдік инвестициялардың да маңызы зор. Дегенмен соңғы уақытта бұл бағытта да ауқымды өзгерістер жоқ емес. Мәселен, Ресей Қазақстанға инвестиция көлемін арттырып жатса, АҚШ үлесі керісінше кеміп келеді. Мысалы, Freedom Finance Global қаржы компаниясының сарапшысы Аңсар Әбуовтің айтуынша, соңғы бес жыл ішінде Нидерланд елі Қазақстанға ең көп инвестиция салған ел болып қала бермек – 30,3 млрд доллар. Екінші орында – Ресей (11,7 млрд доллар), ал инвестициялық белсенділігі төмендесе де, әзірге АҚШ – үшінші орында (10,3 млрд доллар).

«2023 жылы АҚШ-тан тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) көлемі 80%-ға жуық төмендеп, 2024 жылы 870 млн доллар көлемінде таза капитал кетуі тіркелді. Керісінше, Ресейдің қазақстандық нарыққа қатысуы күшеюде: 2023 жылы бұл елдің инвестициялары 2022 жылмен салыстырғанда екі есе өсті. Бұл қаражаттың ең көп бағытталған саласы – тау-кен өндіру секторы, 2024 жылы ол 6,4 млрд доллар инвестиция тартқан. Соңғы жылдардағы үрдіс Қазақстан экономикасының әртараптанып келе жатқанын көрсетеді: былтыр 17 млрд доллардан астам ТШИ түрлі салаларға бөлінді», – деп атап өтті ол.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, сыртқы инвестициялардың көп бөлігі шикізаттық емес секторларға бағытталуда: автокөлік саудасы мен жөндеу ($5,3 млрд), өңдеу өнеркәсібі, телекоммуникация және қаржы қызметтері. Әсіресе, бөлшек және көтерме сауда саласы ерекше көзге түсуде – бұл ішкі нарықтың жандануын және халықаралық ритейлерлердің қызығушылығын білдіреді. Сондай-ақ елімізде инвестициялық климатты жақсарту бағытында нақты қадамдар жасап жатқанын да көруге болады. Мысалы, реттеуші рәсімдер жеңілдетілуде, инвесторлардың құқықтарын қорғау тетіктері күшейтілуде. Демек, экономиканың басты индикаторы болып табылатын инвестицияның қай саласында да алға ілгерілеу бар. Дегенмен нарықтың басты талабы – мемлекеттің үлесі кеміп, кәсіп иелерінің өзі басты катализаторға айналуы қажет.

ӘЛЕУМЕТ

22 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

# ҚАУІПСІЗ БАЛА – АЛАҢСЫЗ АТА-АНА

Жаз мезгілі балалар үшін қуаныш пен шаттыққа толы ең бір алаңсыз кезең саналады. Оқу-ағарту министрлігі оқушылардың жазғы уақытын тиімді, пайдалы бастысы қауіпсіз өткізуі үшін дайындық жұмыстарын бастады. Министрліктің есебінше, биыл 92% оқушы лагерьмен қамтылады деген жоспар бар.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Биыл елімізде оқу жылын 3,9 млн оқушы аяқтағалы отыр, оның 200 мыңнан астамы – мектеппен қоштасатын түлектер. Премьер-Министр Олжас Бектенов балалардың мектептен тыс уақыттағы қауіпсіздігін қадағалауға назар аудару қажеттігін ескертті. Өзі тізгінін ұстаған Үкімет жиынында ол:

– Ата-аналарға айтарым, мектеп бітіру кештерінде, ең бастысы жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмаған жөн. Осыған баса көңіл бөлуді сұраймын, – деді.

Оқушылардың қауіпсіздігі ең алдымен сақтық шаралары екені белгілі. Мәселен, былтыр елімізде тексерістен өтпей, заңсыз жұмыс істеген 5 жазғы лагерь анықталған болатын. Сондықтан қазір балаларға арналған жазғы лагерьлердің қауіпсіздігі мәселесі өте өзекті. Әсіресе, лагерьде қызмет ететін педагогтерге қойылатын талап қатаң. Балаларға арналған жазғы демалыс орындарында тек педагогикалық білімі бар мамандар ғана қызмет ете алады. Қауіпсіз әрі белсенді жазғы демалыс мәдениетін қалыптастыру мақсатында арнайы жадынамалар, нұсқаулықтар мен гайдбуктер әзірленіп, ата-аналарға, балаларға, педагог мамандарға таратылады.

Оқу-ағарту министрлігі былтыр 2024-2027 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарында балалардың жазғы демалысын қауіпсіз және жан-жақты ұйымдастыруға басымдық берді. Соған сәйкес, қазір балаларға арналған демалыс орындары санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды алуға міндеттелді. Санитарлық талаптардың сақталуы, тағам қауіпсіздігі сондай-ақ су айдындарында, ормандар мен спорт нысандарында сақтық шаралары қатаң бақылауда болады. Биыл

Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелерімен әкімдіктер бірлесіп Жол картасын әзірлеп бекітті. Жол карталарын іске асыру бойынша мониторингті комитет бақылайды. Сондай-ақ комитет тарапы лагерьлердің жұмысында қандай да бір бұзушылықтар анықталған кезде шағымдануға болатын жедел желіні де (8-27.74.7172-05) іске қосты.

Оқу-ағарту министрлігі Тәрбие және қосымша білім беру департаментінің басқарма басшысы Алтай Рахымберлин Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменттеріне түскен қорытынды алу өтінімдері Денсаулық сақтау министрлігі тарапынан бекітілген талаптарға сәйкес тексерілетінін айтты.

– Қорытынды берілген соң өңірлерде облыс әкімдерінің қаулысымен бекітілген ведомствоаралық штабтардың мамандары жазғы лагерь маусымы басталмай тұрып, алдын ала сол лагерьлердің жағдайын тексереді. Лагерьге баратын балалардың тізімі ең алдымен мектеп ішінде жасақталады. Кейін ұсынымдар Білім бөліміне және Білім басқармасына жөнелтіледі, – дейді басқарма басшысы.

Ресми ақпаратқа сәйкес, 2025 жылғы жаз мезгілінде еліміз бойынша 3,1 миллионнан астам бала сауықтыру, демалыс және жұмыспен қамтуға бағытталған түрлі бағдарламамен қамтылады. Биыл 500 мыңнан астам әлеуметтік осал санаттағы балаларды қолдауға басымдық берілмек. 10 мың бала «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен тегін демалатын болады.

Астана қаласы Білім басқармасы жазғы демалыс кезеңінде 1-10-сынып аралығындағы 210 мыңнан астам оқушыға, оның ішінде халықтың әлеуметтік осал санатындағы 11 мыңнан астам оқушыға қауіпсіз әрі шуақты демалыс сыйлауды жоспарлап отыр. Басқарманың баспасөз қызметі ұсынған хабарламада «Білім беру ұйымдарының жанынан төмендегідей лагерьлер ұйымдастырылады: 92 мектеп жанындағы лагерь – 55 200 оқушы, 192 бейінді лагерь – 11 520 оқушы, 10 тақырыптық жоба – 142 298 оқушы, 1 қала сыртындағы лагерь – 1 400 баланы қамтиды. Қала сыртындағы сауықтыру лагерьлеріне 4 мыңнан астам бала жіберіледі. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қаражат бөлінді» деп жазылған. Сонымен қатар елордадағы 13 қосымша білім беру ұйымының базасында тақырыптық күндізгі лагерьлер мен қолданбалы өнер, шет тілдері және жүзу бағыттары бойынша қысқамерзімді үйірмелер жұмыс істейді.

Елорда мектептерінде 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жазғы лагерьлерді халқымыздың бай мәдениеті мен салт-дәстүрі негізінде жасақтау дәстүрге айналып келеді. Қалада ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруді мақсат еткен этностильдегі лагерьлер қатары артып келеді. Солардың бірі – Смағұл Сәдуақасов атындағы №78 мектеп-гимназияның жанынан құрылған «Атамекен» этнолагері. Мұнда жазғы демалысын пайдалы әрі көңілді өткізгісі келетін балаларға арналған түрлі үйірме бар. Тіл үйірер тамағы мен бой сергітер спорттық ойындар, түрлі тақырыптағы іс-шаралар мен жарыстар оқушыларды қызықтырмай қоймайды. Осы мектеп-гимназияның директоры Қарлығаш Жанғазақова былтыр этнолагерьде 90-нан астам оқушы демалғанын айтты.

– Лагеріміздің басты мақсаты негізінен білім алушыларды еңбексүйгіштікке, отбасылық өмірге даярлау, туған жерді қастерлеу, ұлттық құндылықты дәріптеу, үлкенге құрмет және қонақжайлылық сияқты халқымыздың ең жақсы рухани-адамгершілік құндылықтарын бойына дарыту болып табылады. 2024-2025 оқу жылында жазғы этнолагерімізге 100-ден астам оқушыны қабылдасақ деп отырмыз. Оқушылар үшін қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау үнемі бақылауда, жіті назарымызда болады, – деді директор.

Мектептің ауласында қазақ ауылының барлық көрінісін қамтыған этностильдегі лагерь көркін ақшаңқан киіз үй аша түскен. Киіз үйдің жанына алтыбақан тұрғызылып, жер ошақ орнатылыпты. «Атамекен» аталған бұл этнолагерьдің төрайымы – мектеп-гимназияның Көркем еңбек пәні мұғалімі Ләззат Атыбайдың айтуынша, аула ортасындағы киіз үйде күн сайын мектеп мұғалімдері мұқият жоспарлап, ұйымдастыратын түрлі іс-шара өтеді. Қыздар киіз басып, ұршық иіруді үйренсе, ұлдар қамшы өріп, ат әбзелдерін жасауды меңгереді.

– Дәстүрмен ұштасқан лагерь үш ай бойы жалғасын табады. Бір маусым екі аптаға созылып, осы уақыт ішінде үздік нәтиже көрсеткен балаларға марапаттар да ұсынылады, – деді мұғалім.

Балалардың ұлттық дүниетанымға деген көзқарасын қалыптастырумен қатар, денсаулыққа да көңіл бөлу тамақ мәзірі мәселелері қатаң бақыланады. Спорттық секция жетекшілері оқушылармен жаттықтыру жұмыстарын жүргізеді. Оқушылардың денсаулықтарын нығайту, таңдап алған спорт түрлерінен қабілеттерін дамыту, халықаралық аренада спорт түрлерінен халқының намысын қорғайтын мықты ұл-қыздар өсіру, спортты насихаттау мәселелері де басты назарда. Сондай-ақ мұнда оқушылар арасында асық ату, бес тас, тоғызқұмалақ ойындарынан жарыстар ұйымдастырып, «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» озаттарды марапаттау дәстүрге айналған екен.

# БІРЕГЕЙ ЖҮЙЕ, БІРЫҢҒАЙ ШЕШІМ

Президент бастамасымен тұрғын үй саясатын реформалау аясында ел заңнамасына бірқатар өзгеріс енгізіліп, «Отбасы банкіне» ұлттық даму институты мәртебесін беру туралы тапсырма берілді. Бұл орайда банкке жаңа қызметтер жүктелді. Соның бірі – банк базасында «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығын» құру болды. 24 мамырдан бастап «Отбасы банкінің» аталмыш қызметі іске қосылады. Бұл жүйенің жаңашылдығы не? Ұзақмерзімді перспективада қандай тетіктерді реттеуге ықпал етеді?

Айдана НҰРМҰХАН

## АЗАМАТТАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ПОРТРЕТІ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Яғни, азаматтар мұқтаж мәртебесін растау, кезекке тұру және несие алу үшін әртүрлі мекемелерге сабылмай, бір жерден, онлайн түрде мәселесін шеше алады.

«Отбасы банкі» орталық филиалының Бизнес дамыту басқармасы басшысы Меруерт Әділбаеваның айтуынша, 24 мамырдан бастап жаңа ақпараттық жүйе арқылы тұрғын үйге мұқтаж азаматтардан өтініштер қабылдау басталады. Енді азаматтар orken.otbasybank.kz порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен онлайн кезекке тұруға өтінім береді.

«Тұрғын үйге мұқтаж екі санат жүйеге тіркеле алады – соңғы бес жыл ішінде өз атына тіркелген баспанасы жоқ (үйін біреуге сыйлау немесе сату сияқты мәмілелердің болмауы), кәмелетке толған және жалғыз баспанасы апатты деп танылған Қазақстан азаматтары. Өтініш беру кезінде жүйе өтініш иесін бірнеше көрсеткіш бойынша автоматты түрде тексереді: мүліктің бар-жоғы, отбасылық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, мемлекеттік төлемдер, отбасының кірісі және т.б. Осы деректер негізінде азаматтың цифрлық портреті қалыптасады. Бұл банкке болашақта азаматқа тиімді мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Егер стандартты өтініш берілсе 1 жұмыс күні, егер өтінішке апатты үй жайлы құжаттар қосылса 3 жұмыс күніне дейін қызмет көрсетіледі. Өтініш берген кезде отбасы мүшелерінің әрқайсысына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Онда жеке деректерді өңдеуге келісімді растау қажет болады», – дейді Меруерт Ғалымқызы.

Айта кету керек, мұқтаж мәртебесін алу – бұл автоматты түрде баспаналы боласың дегенді білдірмеді. Меруерт Әділбаеваның айтуынша, азаматтарға әлеуметтік мәртебесіне және кіріс деңгейіне қарай бірнеше қолдау шаралары ұсынылуы мүмкін. Атап айтсақ, тұрғын үй жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау; әкімдіктерден жалдамалы тұрғын үй беру; жылдық 2%, 5%, 7% немесе 9% дейінгі мөлшерлемемен және ең төменгі бастапқы жарнамен жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар; «Наурыз» және «Наурыз жұмыскер» тұрғын үй бағдарламаларына қатысу мүмкіндігі.

«Жеңілдетілген тұрғын үй қорының кемінде 70%-ы арнайы санаттағы азаматтарға беріледі. Олар – Ұлы Отан соғысының ардагерлері және оларға теңестірілгендер; жетім балалар; көпбалалы отбасылар; мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасылар; I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар; жесір қалғандар. Қалған 30 пайызы жалпы кезекте тұрған азаматтарға бөлінеді», – дейді маман.

## МӘЛІМЕТТЕР БАЗАСЫ ӘКІМДІКТЕРДЕН «ОТБАСЫ БАНККЕ» БЕРІЛЕДІ

Биыл 17 маусымға дейін тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың барлық бұрынғы мәліметтер базасы әкімдіктерден «Отбасы банкке» беріледі. Оған дейін ескі тәртіппен әкімдіктер арқылы өтініш қабылдау жалғаса береді. Азаматтар egov.kz және kezekte.kz порталдарында жеке деректерін (ЖСН, отбасы құрамы, тұрғын үйі жайлы ақпарат және т.б.) тексеріп, қажет болса әкімдік базасындағы деректерін жаңартуы керек.

Меруерт Әділбаеваның айтуынша, осы уақытқа дейін тұрғын үй кезегі жергілікті әкімдіктер арқылы жүргізілсе, енді бұл қызмет толықтай «Отбасы банкке» өтеді. Қазір республика бойынша 650 мыңнан астам азамат тұрғын үй кезегінде тұр. 24 мамырға дейін жергілікті әкімдіктер сол азаматтар туралы ақпаратты инвентаризациядан өткізіп жатыр.

«Бұл дегеніміз – бұрын кезекке тұрғанымен, жеңілдетілген ипотека немесе жалға берілетін тұрғын үй арқылы баспана алып қойған азаматтар анықталып, кезектен шығарылады. Сондай-ақ белгілі бір санатқа жатпайтын немесе жалған мәлімет бергендер де тізімнен алынып тасталады. Азаматтың соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйі, мемлекеттік бағдарламалар арқылы жалға алынған баспанасы болса, сондай-ақ өтініштегі мәліметтері шынайы немесе толық болмаса, бұған дейін берілген мемлекеттік тұрғын үйді жекешелендірсе, апатты үй тіркелген елді мекені мен өтініш берілген жер сәйкес келмесе, мемлекеттік қолдаумен ипотекаға үй сатып алса кезекке тіркеуден бас тартылады», – дейді Меруерт Ғалымқызы.

«Отбасы банк» процестің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйге мұқтаж және соңғы екі жылда мемлекеттік қолдау алып, баспана мәселесін шешкен азаматтардың тізімін ресми сайтында жариялайды. Аталмыш платформа 14 мемлекеттік дерекқор базасымен біріктірілген, бұл өтініш беру мен оны қарау процесін барынша автоматтандырып, жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сарапшылардың пікірінше, «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығының» құрылуы, «Отбасы банкке мәліметтер базасын толықтай берілуі тұрғын үй саясатының жақсаруына ықпал етеді. Тұрғын үй сарапшысы Айбар Олжаевтың айтуынша, бұл бастама баспана кезегінің ашықтығын, әділдігін қамтамасыз етіп қана қоймай, тұрғын үй нарығы үшін аса маңызды статистикалық мәліметтер ұсына алады.

«Кез келген автоматтандыру, цифрландыру процесі белгілі бір ашықтықта қамтамасыз етеді. Бұл бастама 1-2 жыл бұрын жасалуы қажет еді. Бұған дейін еліміздегі әр әкімдіктің тұрғын үй кезегі туралы жеке мәліметтер базасы бар. Олардың бұл процесті қалай басқаратын, не істеп жатқаны қандай да бір бірыңғай стандартқа сәйкес болған жоқ. Әркім өз білгенінше жұмыс істеді. Көптеген аймақта әділдік болмады. Сондықтан бұл жүйенің «Отбасы банкке» толықтай берілгені дұрыс. Банк – цифрлық жүйе, оның жалпы үлкен қорлармен жұмыс істеу бойынша тәжірибесі бар және кез келген жүйені автоматтандыра алады. Осы шаруамен айналысу үшін «Отбасы банкке» ұлттық даму институты статусы берілді. Бұл – өте орынды шешім. Енді жүйе орталықтандырылған кезде, барлық ақпарат бір жерден нақтыланып, қолжетімді болады. Мысалы: «Кімдер кезекте тұр?», «Қазақстан бойынша қанша адамға баспана беріледі?» деген сұрақтарға нақты статистикалық мәліметтер арқылы жауап алуға мүмкіндік туады. Бұған дейінгі әкімдіктердің ақпараты дұрыс емес немесе ескіріп қалуы мүмкін еді. Енді осының барлығы қағаздан цифрлыққа өтеді. Бұл процесс әбден жүйеленгеннен кейін айқындылық пайда болады. Шын мәнінде кімге баспана керек; қай аймақта сұраныс көп, ал қай елді мекенде аз; сұраныс көп аймақта жеткілікті үй салынып жатыр ма – алдағы уақытта осындай мәселелерді сараптай аламыз. Бізде тұрғын үй мүлде салынбайтын және көп салынатын аймақтар бар. Сұраныс көп аймақта құрылысты жоспарлап, бағамдап салады. Ал әкімдіктер өзінің басқа да әлеуметтік мәселелермен айналыса береді.

> **Биыл 17 маусымға дейін тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың барлық бұрынғы мәліметтер базасы әкімдіктерден «Отбасы банкке» беріледі. Оған дейін ескі тәртіппен әкімдіктер арқылы өтініш қабылдау жалғаса береді.**

Мемлекет алдында шешілуге тиіс екі мәселе бар. Біріншісі, ірі қалалардағы тым көп урбанизацияның реттелуі. Оған белгілі бір экономикалық белсенділік керек. Ол үшін құрылыс жұмыстары жандануға тиіс. Мәселен, тұрғын үй кешендердің көбірек салынуы. Мемлекет осы экономикалық дамуды тек 1-2 жерде шоғырландырмай, барлық ірі облыс орталықтарында іске асырғысы келеді. Сондықтан бұл платформа осы мәселеге көмегін тигізеді. Екіншіден, мемлекет шын мәнінде кімге баспана береді; мұқтаждарды қамтамасыз ету үшін тұрғын үй құрылысына қанша инвестиция қажет; оған біздің қаржымыз жете ме, оны қалай реттейміз – осы сынды сұрақтарға жауап алу үшін бірыңғай платформа бізге тұщымды ақпарат ұсына алады. Алайда оған уақыт керек. Қазір елімізде бұл жүйе жүзеге асып, алгоритмдер құрылуда. Алдағы 1-2 жылда толықтай аяқталады, – дейді Айбар Олжаев.

ПАРАСАТ



# ТУҒАН ЖЕРГЕ АДАЛДЫҚ

Қазақстан тәуелсіздігінің тарихында есімі ел есінде қалатын тұлғалар бар. Олардың еңбегі ел дамуындағы тағдыршешті кезеңдерде өз ізін қалдырды. Сол тұлғалардың бірі – Равиль Тәжіғараұлы Шырдабаев. Ол – атакәсіпті жалғаған мұнайшы, мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, ғалым, публицист, өмірін түгелдей Қазақстанға қызмет етуге арнаған азамат.

2025 жылдың 26 мамырында Равиль Тәжіғараұлы 85 жасқа толады. Бұл – оның тағдырына, отбасының шежіресіне, қазақстандық мұнай тарихына және тәуелсіз елдің қалыптасу жолына тоқталып өтетін айтулы күн. Бұл – жеке өмір мен ұлттық индустрия тарихы астасқан ғұмырдың маңызды белестері туралы еске алу сәті.

Бүгінде зейнет демалысында жүрсе де, мерейтой иесі қоғамдық және публицистикалық жұмыспен белсенді айналысуда. Соңғы жылдары ол дүниежүзілік және отандық мұнай-газ саласы тарихына арналған көптеген кітаптар мен мақалалар жариялап, олардың біразы әлемдік деңгейдегі танымал ғылыми-көпшілік басылымдар қатарына енді.

## ТАМЫРДАН ТАРАҒАН ҚУАТ

Равиль Шырдабаев ата-баба дәстүрін терең құрметтейді. Ол – бабалар жолын жалғастырудың маңызын терең түсінген азамат. Шырдабаевтар әулетінің негізін қалаушы – Шопан-ата.

XIX ғасырдың басында Шопан-ата үлкен ауылымен бірге Батыс Қазақстан жерін мекендеп көшіп жүрген. Көптеген далалықтар сияқты, ол да мал ауруларын емдеу мен шаруашылық қажеттіліктер үшін «қара майды» (битум) пайдаланған. Бұл зат тұзды жерлердің маңынан жер бетіне шығып жататын. Сол кезде Шопан-ата бұл жерлерде болашақта мұнайлы аймақ пайда боларын, ал өз ұрпақтарының атақты мұнайшылар боларын ойлады ма екен?!

XIX ғасырдың екінші жартысында өмірге келген Шопан-атаның егіз ұлдары Алдоңғар мен Шырдабай сол заманның барлық қиындығын бастан өткерді. Олар әке дәулетін сақтап қана қоймай, оны еселей білді. Еңбеккөр әрі парасатты бұл ағайындар ел арасында үлкен құрметке ие болған.

XIX ғасырдың соңында дүниеге келген олардың балалары мұнай табылған жаңа кезеңге куә болды. Каспий маңында Қарашүңгіл мен Доссор сияқты кен орындарының ашылуы – кеше ғана көшпенді болып жүрген ұрпақтың мамандық таңдауына ықпал етті. Қазақстан даласына индустрия келді, мұнай өндірісі дами бастады, жұмысшы табы қалыптасты.

Сол шешуші жылдары Шырдабаевтар отбасы Гурьев облысындағы Доссор кентінде өмір сүрді. Дәл осы жерде, 1940 жылы Равиль Тәжіғараұлы дүниеге келді.

## БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ МЕН ЕҢБЕККЕ АРАЛАСҚАН ЖАСТЫҚ КЕЗЕҢІ

Доссор кентінде 1911 жылы аты аңызға айналған фонтандар атқылап, «қара алтынды» өнеркәсіптік игеру дәуірі басталған еді. Равильдің әкесі Тәжіғара Шырдабаев пен оның бауырлары – Теңізбай, Баймолда, Тымақбай және Шашпан Леман кен орындары мен ағайынды Нобельдердің кәсіпшіліктерінде жұмыс істеген алғашқы қазақ мұнайшылары еді. Шырдабаевтар әулетінің мұнай саласындағы жалпы еңбек өтілі бүгінде 1200 жылдан асады.

Равильдің балалық шағы соғыс жылдарына тұспа-тұс келді. 1941 жылы оның әкесі, стратегиялық салада броньға ие бола тұра, майданға өз еркімен аттанды. Тәжіғара Шырдабаев бауырларының кемінде біреуі елді қарумен қорғауға тиіс деп санады. Ол Берлинге дейін жетіп, соғысты жеңіспен аяқтап, аман-есен елге оралды.

Дәл осы Доссор кентінде, керосин зауыты мен мұнай кәсіпшіліктерінің ортасында, Равиль еңбекке, өзара көмекке және жауапкершілікке бала күнінен үйренді. Бұл қасиеттер өмір бойы оның серігіне айналды.

Он алты жасында Равиль әкесі мен ағаларының жолын жалғастырып, Доссор зауытында жұмысқа орналасты. Алғашқы қызметі – слесарьдің шәкірті. Еңбеккорлығы мен адалдығы бірден көзге түсті. Ол аға буын шеберлерінің арасында өсті, күн сайын тек жақсы маман ғана емес, нағыз азамат болуды да үйренді. Әкесі мен ағаларының беделі Равильді кәсіби де, адамгершілік тұрғысынан да үнемі үздік болуға жетеледі. Оның үстіне, Равиль – үйдегі тұңғыш бала, сондықтан кішілерге әрдайым үлгі болуға тырысты.

## КОМСОМОЛ ЖӘНЕ ПАРТИЯ ЖҰМЫСЫ

Білімге деген ұмтылыс Равиль Шырдабаевты Мәскеудегі Губкин атындағы мұнай институтының механика факультетіне алып келді. Мәскеуде өткізген студенттік жылдары үздіксіз даму мен ізденіс, достар мен пікірлестерді табу кезеңі болды. Дәл осы жерде Равиль Тәжіғараұлы өмірлік серігі Сәуле Мұхамбетияровнамен танысып, шаңырақ көтерді. Екеуі де Ресейде оқитын қазақстандық студенттерді біріктірген «Жас тұлпар» жастар қозғалысының белсенді мүшелері болды. Бұл қозғалысқа сол кезде Мәскеу мемлекеттік университетінде оқып жүрген Мұрат Әуезов жетекшілік еткен еді.

Белсенді студент бола тұра, Равиль Шырдабаев еңбек етуден ешқашан бас тартқан жоқ. Әр каникул сайын туған елі Доссорға оралып, зауытқа көмектесіп тұрды.

Кейін дипломды маман әрі комсомол жетекшісі ретінде ол Маңғыстау түбегіндегі мұнайшылар қаласы – Жаңаөзенге аттанды. Бұл жерде бүкілодақтық комсомол құрылысы басталған болатын. Шырдабаев жай ғана ұйымдастырушы емес, жастардың тәлімгері, көшбасшысы болды. Ол жас мамандарға қолайлы жағдай жасап, оларға тек мұнай өндіру мен үй салуға емес, сонымен қатар мінезді шыңдауға, мәдени түрде дамуға, өмірін түбегейлі өзгертуге көмектесті.

Мәселенің түп-төркінін көре білуі және болашақты ойлайтын қабілеті оны саясат жолына алып келді. 1977 жылы ол Гурьев қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, бұл қызметте он жыл еңбек етті.

Бұл Гурьевтің көз алдымызда өзгеріп жатқан кезеңі еді. Жаңа мектептер, балабақшалар, зауыттар, тұрғын үй аудандары мен шағын ықшамаудандар салынды. Табиғи басқарушылық қабілетімен, өзіне және өзгелерге қатаң талап қоя білетін қасиетімен, әділеттілікке деген жоғары сезімімен Равиль Шырдабаев қала тұрғындарының зор құрметіне ие болды.

1980 жылдың ақпанында ол алғаш рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. 1985 жылы қайтадан Жоғарғы Кеңестің жаңа шақырылымына депутат болып өтті.

Дегенмен өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңы тұтас КСРО-да терең дағдарыс байқалған кезең еді. Әсіресе, өңірлерде әлеуметтік-экономикалық жағдай тым ауыр еді. Гурьев республикадағы ең криминогенді қалалардың бірі ретінде танылып, бұл жердің басшылығына тәрбие жұмысына ерекше көңіл бөлуге тура келді.

Равиль Тәжіғараұлы үшін сол жылдары өз бастамасымен құрылған қоғамдық орталықтар жүйесі үлкен мақтаныш болды.

Бұл тек қылмыспен күрес емес, болашақ ұрпақты тәрбиелеу жолындағы нақты әрекет болатын. Шырдабаевтың бұл бастамасы бүкіл Одаққа үлгі болғанымен, қызғаныштан туған өсек-аяңдар да орын алды. Кейбіреулер бұл бастаманы тым батыл деп санап, оны мемлекеттік қаражатты мақсатсыз жұмсады деп кінәлады. Ол – арыз-шағымдар заманы еді. Болашағынан зор үміт күттірген қала басшысы жасырын ойындарға бармай, абыроймен қызметтен кетіп, өзінің алғашқы кәсіби жолына – мұнай саласына қайта оралды.

Осылайша, 1980 жылдардың соңында Равиль Шырдабаев әлемдегі ең ірі мұнай кен орындарының бірі Теңізді игеру жұмыстарына басшылық етуге шақырылды. Бұл – Теңіз мұнай-газ алыбын қарқынды игеру кезеңі еді: бұрғылау жұмыстары жанданды, құрылыс трестері құрылып, жолдар мен инфрақұрылымдар салынып, өндірістік және әлеуметтік нысандар бой көтерді. Оның есімі Теңіз кен орнын игеру тарихының бір бөлігіне айналды.

## «ҒАСЫР КЕЛІСІМІ» ЖӘНЕ ӘКІМ

1990 жылдардың басында Қазақстан мұнайының жүрегі саналатын өлкеде жаңа дәуір басталды. Бұл дәуірдің символына айналған – Теңіз. Равиль Тәжіғараұлы тағы да тәжірибе, ұстамдылық, адалдық және мемлекетшілдік ойлау аса қажет жерде болды. Оған тағы да күрделі әрі жауапты тапсырма сеніп тапсырылды – Қазақстан мен халықаралық «Шеврон» мұнай корпорациясы арасындағы маңызды келіссөздерді ұйымдастырып, жүргізу.

Ел басшылығы Равиль Шырдабаевқа жаңадан құрылған «Теңізшевройл» бірлескен кәсіпорнын қазақстандық тараптан басқаруды ұсынды. Бұл – жас әрі тәуелсіз республиканың экономикасына жаңа серпін берген, елдің болашағын түбегейлі өзгерткен жоба болды. Бүгінгі күні де «Теңізшевройл» компаниясы Қазақстандағы ең ірі салық төлеушілердің бірі болып саналады және бүкіл саланың мақтанышы.

1994 жылы Равиль Тәжіғараұлы Қазақстан Республикасының тәуелсіз тарихында тұңғыш рет құрылған Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің алғашқы басшысы болып тағайындалды.

1990 жылдардың ортасында Равиль Шырдабаев Атырау облысының әкімі болып тағайындалды. Бұл – оның өмірі басталып, шыңдалған қасиетті өңір еді.

Равиль Тәжіғараұлы бұрынғыдай кеңседе отырмайтын. Қызметке кіріскен алғашқы күннен бастап салтанатты сөздер емес, нақты кездесулер, нысандарға сапарлар, жедел шешімдер қабылдау арқылы жұмыс жүргізді. Бір нәрсе анық болды – стратегиялық маңызы бар өңірді дамыту үшін сыртқы инвестиция қажет еді. Әкімге жаһандық энергетикалық корпорациялар мен қарапайым тұрғындардың мүдделерін ұштастыру міндеті тұрды.

Парсы шығанағы елдеріне, Еуропаға, АҚШ-қа жасаған сапарлары, әлемдік мұнай-газ компаниялары мен мемлекет басшыларының кездесулері, жүздеген жоғары деңгейдегі келіссөздер нәтижесін берді. Ең маңызды инвестициялық келісімшарттар жасалды. Олардың қатарында алып Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орны мен Каспий қайраңын игеру жобалары да болды. Бұл жобалар елге ондаған миллиард доллар көлеміндегі шетелдік инвестиция тартуға мүмкіндік беріп, жүздеген мың жаңа жұмыс орны ашылды. Қазақстан мұнай саласы жаңа қуатты серпінмен дами бастады.

## ТАҒДЫРЫ ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ ТҰЛҒА

Равиль Шырдабаевтың тәжірибесі мен беделі тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де үлкен құрметке ие болды. 1990 жылдардың соңында ол дипломатиялық қызметке шақырылып, Қазақстанның шетелдегі мүддесін қорғауға кірісті. Ол Украина мен Молдова Республикасында Қазақстанның Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін атқарды.

Каспий қайраңында ірі мұнай қорлары анықталғаннан кейін бұл өңір үлкен геосаяси бәсекенің аренасына айналды. Бұрын, КСРО ыдырағанға дейін, Каспий теңізін екі ел – Кеңес Одағы мен Иран бөлісетін. Енді оның жағалауын бес мемлекет – Әзербайжан, Иран, Қазақстан, Ресей және Түрікменстан бөлісетін болды. Бұл елдердің алдында теңізді халықаралық құқық нормаларына негізделген, әділетті әрі өркениетті жолмен бөлісу міндеті тұрды.

2003 жылдың қазан айында Равиль Шырдабаев Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ерекше тапсырмалар жөніндегі елшісі және Каспий теңізінің құқықтық мәртебесіне қатысты келіссөздердегі Қазақстан өкілі болып тағайындалды. Бұл келіссөздер барысында ол өз ұстанымына адал болды: туған елінің мүддесін адал және табанды қорғау.

Равиль Тәжіғараұлының күш-жігері мен табандылығы нәтижесіз қалған жоқ. 2018 жылдың 12 тамызында Каспий маңындағы мемлекеттердің саммитінде теңіз мәртебесі бойынша көпжылдық күрделі келіссөздер сәтті аяқталып, Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы Конвенцияға қол қойылды.

Дипломатиялық қызметтен кейін еліне оралған Равиль Шырдабаев ел игілігі үшін еңбегін жалғастырды. Ол Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі болды.

Ол қарапайым халықтың мүддесін қорғап, сайлаушыларымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Елдің болашағына, балаларымыздың ертеңіне тікелей қатысты заңдарға өзгерістер енгізуге белсене атсалысты. Бірнеше жылдың ішінде ол еліміздің барлық аймағын аралап шықты, ең шалғай ауылдарға барып, отандастарының тілегін тыңдап, әр адамға жеке уақыт бөлуге тырысты. Саяси мансабының барлық кезеңінде Равиль Тәжіғараұлы адал еңбекке, парасаттылыққа және берген уәдеге берік болуға басымдық берді.

Мемлекеттік қызметтен құрметті демалысқа шыққаннан кейін де ол өмірінің ажырамас бөлігіне – ғылымға, сараптамалық жұмысқа, өткенді зерделеуге және тәжірибені кейінгі буынға жеткізуге оралды. Мұнай-газ саласын дамыту бойынша ауқымды жобаларға қатысып, мамандарға кеңес берді, жас басшыларды қолдап, өмір бойы жинақтаған баға жетпес тәжірибесімен бөлісті.

Оның өмірінде «зейнет» деген ұғым жоқ. Бұл – өз ісіне адал қызметтің жаңа формасы ғана.

Оның мұнай саласындағы, қоғамдық және мемлекеттік қызметтегі еңбектерінің нәтижесі – естеліктер, ғылыми мақалалар және кітаптар.

Равиль Тәжіғараұлының еңбектері – «Мұнай: кеше, бүгін, ертең» (2009), «Қазақстан мұнайы. Ғасырлық тарих» (2012), «Каспий» (2015) сынды монографиялары отандық ғылыми әдебиеттің қорын толықтырып, сала мамандары мен басқарушылардың үстеліндегі маңызды басылымдарға айналды. Бұл еңбектер – ел үшін шешуші мәнге ие тарихи кезеңдерді, олардың куәгері әрі тікелей қатысушысы болған адамның көзімен жеткізетін тұтас бір дәуірдің көрінісі.

Равиль Шырдабаевтың тағдыры – ел үшін еңбектен тыс қалмайтын, кез келген сәтте өз орнын таба білетін азаматтың шынайы тарихы. Бұл – өз-өзіне және айналасындағыларға әрдайым адал, белгісіз жолдардан қорықпай, әрдайым алғашқы болудан тайынбайтын тұлғаның тарихы.

**А.СҰЛТАН**

# «АЙБЫН» – ЖАУЫНГЕРЛІК РУХ ҰШҚЫНЫ

Астана қаласының №68665 ерекше мақсаттағы әскери бөлімінде XI халықаралық «Айбын-2025» әскери-патриоттық жастар жиынына іріктеу кезеңі басталды. Үш күнге созылатын «Жас сарбаз – жеңіс рухының жалғасы» жобасы қала әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері және Білім басқармасы «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігінің қалалық филиалының қолдауымен өтіп жатыр.

**Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ**

Ұйымдастырушылардың айтуынша, үздік деп танылған «Жас сарбаз» тәрбиеленушілері Ақтөбе облысында Ұлы жеңістің 80 жылдығы және Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен халықаралық деңгейде өтетін он бірінші «Айбын-2025» халықаралық әскери-патриоттық дала жиынына жолдама алады.

– «Жас сарбаз – жеңіс рухының жалғасы» атты дала жиынына Астана қаласының 150-ден астам «Жас сарбаз» тәрбиеленушілер қатысып жатыр. Ақтөбе облысында өтетін он бірінші «Айбын-2025» халықаралық әскери-патриоттық дала жиынына Астана қаласынан іріктеуде оза шапқан төрт команда барады. Осы үш күнде жастар кермеде тартылу, қаруды шашып қайта құрастыру, интеллектуалды және спорттық ойындар, smart сарбаз секілді сайыстарда бағын сынайды. Шараның мақсаты – жастарға әскери-патриоттық тәрбие берумен қатар идеологиялық жұмысты жүргізу, әскери рухты көтеру, – деді «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы республикалық қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының төрағасы Асхат Налшыбек.

Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беріп, айбынды елдің айбарлы ұрпағын тәрбиелеуде дәстүрге айналған дала жиыны биыл жетінші рет өткелі отыр. Жастар саясаты ел ертеңін тәрбиелеудегі ең басты бағыт болғандықтан, Астана қаласының әкімдігі әрдайым әскери-патриоттық тәрбиеге ерекше көңіл бөледі. Қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының өкілі Әлібек Жүсіпов:

– Жыл сайын астаналық «Жас сарбаз» тәрбиенушілер қатарына 1000-ға жуық жастар қосылады. Үш күндік іріктеу кезеңінің жеңімпаздары Ақтөбеде «Айбын-2025» халықаралық жастар жиынында Астана қаласының абыройын қорғайтынын ескере отырып, жастарға сәттілік пен ел абыройын әрдайым жоғары ұстауды тілеймін, – деді.

Айбынды ұранмен басталып, әскери-патриоттық ән-бимен көмкерілген «Жас сарбаз – жеңіс рухының жалғасы» дала жиынында кіл мықтылар сынға түсіп қана қоймай, өзара тәжірибе алмасып, жаңа достар тауып, жауынгерлік рух ұшқынын сезіне алды десек, артық емес.

# ЖАПАНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗ САЯЖАЙ

Жайықты бойлай жүріп келеміз. Ана жерде үйінді, мына жерде үйінді. Айнала толған қоқыс. Желмен ұшқан қағаз, пакет дегендер өзімізге соғылып, аяққа оралып қалып жатыр. Алып тастап, әрі аттап, бері аттап әлі жүріп келеміз. Белгілі мекенжайдың қарасы көрінгендей болды. Қираған үйінді мен қоқыстың ортасында жалғыз үй тұр. «Міне, біз іздеген үй – осы» дедік ішімізден. Қателеспеппіз. Бұл – Орал қаласындағы саяжайлардың қазіргі көрінісі. Былтырғы алапат тасқында үйлері суға кеткен үш мыңға жуық саяжайлық үйлі болып көшіп кетті. Олар ескі үйлерін мемлекетке тапсырып барып, жаңа қонысқа көшті. Енді мемлекет сол үйлерді бұзып, орнын тазалап жатыр. Бірақ.... иә, бәрі сол бірақтан басталады. Саяжайдағы халықтың бәрі бірдей үйлі болмады. Үйі суға кетсе де, апатты деп танылса да үйсіз қалғандар жетеді. Енді қазір олар осындай үйіндінің ортасында тұрып жатыр.

**Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,**
Батыс Қазақстан облысы

Үй иесі бізді жылы қарсы алды. Бізді төріне шығарып жатып, «Бұл үйді 2013 жылы салып едім» деп әңгімесін бастап келіп жіберді. Үйдің ішіндегі сыздың иісі қолқаны қабады. Ауасы да дымқыл тартып тұр. Құдды енді қызып келе жатқан моншаның ауасы іспеттес.

–Үйді қараған комиссия апатты деп таныды. Бұл саман тастан салынған үй. Суға кеткесін болды ғой, үйдің жағдайын көріп тұрсыздар. Таңертең ұйқыдан тұрғанда төсек-орындарымыз дымқыл тартып тұрады. Күнде сыртқа шығарып кептіреміз. Үйдің іші сыз, үлкен балам бұрыннан жүрегі ауырады, үшінші топтың мүгедегі. Мына үйдегі сыз оның денсаулығына кері әсер етіп жатыр. Жөтелі күшейіп, жақында тағы ауруханаға жатып шықты. Үйімізді апатты деп таныса да мемлекет үй берген жоқ, – деп қынжылады үй иесі Серік Ермекқалиев.

Комиссияның үйді бермеуіне төтенше жағдай кезінде үйдің құжатын қайта жасатуы себеп болыпты. Былтырғы тасқын кезінде БҚО бойынша табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланғаны белгілі. Осы уақытта үйдің құжатын қайта рәсімдегені үшін кей адамдар баспаналы болу құқығынан айырылып отырған жайы бар. Сондай жандардың бірі – Серік мырза.

–Үй баламның атында болды. Былтыр су тасқыны кезінде үйді менің атыма аудартып едік. Себебі балам ауылда тұрады, ал оның үйі бар. Ал мынау – біздің отбасының жалғыз баспанасы. Біз қазақ ешқашан үйді ата-ананың атына жазбаймыз, баланың атына жазамыз. Сол «төтенше жағдай кезінде құжаттарды кері жасадыңдар» деп үй бермей отыр. Комиссия мүшелеріне үйіміз жоғын дәлелдейтін барлық құжатты тапсырдық. Сонда да комиссия бізге үй берген жоқ, – дейді үй иесі.

Серік Ермекқалиев қазір құжаттарын сотқа әзірлеп жатыр. Қалалық әкімдіктің шешімімен наразы тұрғындардың сот арқылы құқығын қорғап шығып жатқаны баршылық. Саяжай тұрғыны Серік Ермекқалиев та әкімдіктің шешіміне келіспей отыр. Апатты деп танылған үйде тұру мүмкін емес екендігін біз де көрдік.

Жалпы былтыр су тасқынынан кейін үш мыңға жуық адам баспаналы болды. Алайда үйі суға кетсе де, апатты деп танылса да, баспаналы бола алмағандар да баршылық. Олардың бәрі заңгер жағалап, соттың табалдырығын тоздырып жүр.

Белгілі заңгер, қоғам белсендісі Бауыржан Ахметжанның алдына күніне мыңдаған саяжай тұрғыны келеді. «Қазақтың басты проблемасы – құжат» дейді заңгер.

– Бұл су тасқыны көп нәрсені үйретті, түсіндірді. «Су тасқынының пайдасы болды» деп айтар едім. Әрине, халыққа ауыр тиді. Бірақ егер осындай табиғи сипаттағы төтенше жағдай болмаса, біз елдегі заңдардың қалай жұмыс істейтінін білмес едік, саяжайларды қолдану ешқашан реттелмес еді. Қазір мемлекетке де, халыққа да су тасқыны үйреткен тәжірибе жетеді. Қазір Үкімет саяжайлардағы жер телімдерін реттеу туралы заң жобасын қарауды тапсырып жатыр. Саяжайлар бір ретке келтіріледі деп үміттеніп отырмыз, – дейді заңгер Бауыржан Ахметжан.

Бір жылдан бері саяжайлықтардың ісімен айналысып жүрген заңгер үшін бұл тақырып таңсық емес. Әр саяжайлықты жалғызындай көріп, заңгерлік кеңес беріп, сотта да сүйемелдеп келеді. Су тасқыны қазаққа құжатқа мұқият болуды үйретті деп күледі заңгер өзі.

– Ал халыққа бұл нені үйретті? Енді адамдар құжатқа мұқият болады. Неге? Себебі кешегі су тасқыны кезінде үйлері суға кетсе де, апатты деп танылса да, үйсіз қалған қазақ жетеді. Оған өздері кінәлі. Комиссияның алдына барып, сол үйдің иесі екенін де дәлелдей алмай отыр. Себебі құжаты түгел емес. Үй салған жердің актісі жоқ, үйдің де құжаты жоқ. Сызбасы да жоқ. Оған енді түрлі себеп бар. Саяжайлардағы жерді рәсімдеуге жарияланған мораторийдың да салқыны тиіп жатыр. Мораторий болып, көбі рәсімдей алмаған. Бірақ сол әкімдікке барғанын, арыз жазғанын да дәлелдей алмай жүр. Себебі тек ауызша жасайды бәрін. Е-өтініш арқылы жіберген бір арыздары, не құжаты жоқ. Тіпті, 25 жыл бұрын ажырасқан күйеулерімен де заң жүзінде ажырамаған отбасылар бар болып шықты. Ол бірінші күйеуінен 25 жыл бұрын кетіп қалған. Балаларын өзі өсіріп, бағып қағып, саяжайдан үй салып алған. Су тасқыны кезінде үй алайын десе, бұрынғы күйеуінің атындағы баспана базада шығып тұр. Ол әйел мен одан 25 жыл бұрын кетіп қалғам, қазір оның өз отбасы бар деп шырылдайды. Ал құжат бойынша екіге кетпеген. Құжатпен істері жоқ адамдар көп. Соның кесірінен қазір сотпен екі ортада жүр. Мен әр адамға құжатқа мұқият болыңдар дегім келеді. Қазір бәрін Е-өтініш арқылы жасап, тіркеп отыру керек. Заман сондай, – дейді қоғам белсендісі, заңгер Бауыржан Ахметжан.

Қазір саяжайда қалған тұрғындарды бір ғана нәрсе алаңдатып отыр. Енді

саяжайлардың ертеңі не болады? Әр жерде шахмат тақтасындай пытырап қалған үйлер мен босаған жерлер. Қалалық әкімдік босаған үйлерді бұзып алып жатыр. Орындарын тазалап кетеді. Ал артында әр жерде шашырап бір баспана тұр. Ал саяжайдан босаған жерді не істейді? Біз бұл сұрақты қала әкімінің орынбасары Азамат Халеловке қойдық.

– Саяжайдағы барлық жер телімдері мемлекет балансына толықтай өтті. Енді ол жерде қайтадан үй салуға рұқсат берілмейді. Бұрыннан үйлері бар, жерлері бар адамдар тұрамыз десе қарсы болмаймыз. Себебі жеке үйі, өзі біледі. Бірақ жауапкершілікті өзі алады. Егер тағы су келіп, тасқын болып, сол саяжайдағы үйі суға кетсе, биылдан кейін үй салғандар өздері жауапты болады. Саяжайлардың бәрі де Жайық өзенінің жайылымдарында орналасқан. Суға кету қаупі жоғары. Қазір былтырғы суға кеткен үйлерді бұзу жұмыстары әлі жүріп жатыр. 38 мердігер компания бүгінгі күнге дейін 1100-ден астам үйді бұзып шықты. Бұзатын үйлер әлі де бар. Үйлердің арасында тұрып жатқан тұрғындар болғандықтан бәрін бір күнде бір ретпен бұзып тастауға болмайды. Босаған жерді не істейміз? Мұның алгоритмі әлі шықпады. Тек мемлекет балансына қабылдап жатырмыз. Орман шаруашылығына бергіміз келген. Арасында тұрғын үй болған соң, оған да беруге болмайды. Босаған жерлерді мүмкін жылыжай салып, жеміс-жидек, көкөніс егемін дейтін кәсіпкерлерге беретін шығармыз. Себебі саяжайдың жері де соған арналған ғой негізі. Әрі елде таза өнім болар еді. Қазір ол жерді не істейсіздер деген сұраққа нақты жауап жоқ. Себебі біз барлық нұсқаларды қарастырып жатырмыз, – деп атап өтті Азамат Халелов.

Әкімдіктің өкілі комиссия шешіміне келіспеген тұрғындар сот арқылы құқығын қорғап жатқанын, соттың шешіміне сәйкес баспана беру мәселесі әлі де өзекті екенін жеткізді. БҚО Прокуратурасы да су тасқынына қатысты арыз-шағымдар әлі күнге тіркеліп жатқанын айтты. Қалалық прокуратура заң аясында 275 тұрғынның құқығын қорғап шыққан. Бұл құжаттар сотқа жетпей, прокуратураның араласуымен реттеліпті.

– Комиссия шешіміне келіспеген тұрғындар прокуратураға арыз жазды. 275 саяжайлық прокуратураның араласуынан кейін үйлі болды. Олардың құжаттарында проблема болды. Мәселен, 30 жыл бұрын ауылда тұрған. Қалаға келіп саяжайдан жер алып, үй салған. Бірақ ауылдағы үйді базадан шығармаған. Ал 30 жылдан кейін ол үй базада шығып тұр. «Баспанасы бар» деп көрсетіліп тұрған соң, комиссия үй беруден бас тартқан. Біз тексерсек, ауылда ол үй жоқ. Баяғыда тып-типыл болған. Осындай факт өте көп болды, – дейді Орал қаласы прокурорының орынбасары Дастан Айтжан.

Саяжайда қалған тұрғындардың өмірі де алаңдатып отыр. Себебі әр жерде бірен-сараң үй қалған. Ол үшін жарық, газ беру, балаларын мектеппен екі ортаға тасымалдау деген бар. Саяжайда нақты қанша адам үйсіз қалды деген сұраққа ешкім жауап бермеді. Бір нәрсе ақиқат – әкімдікпен соттасып жатқан тұрғындардың бар екені.

## І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен «Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қоры ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды

«Қазақстанның Экологиялық қоры» ҚҚ жүзеге асырып жатқан «Қазақстан жастары арасында лудоманияның алдын алуға бағытталған кешенді шаралар» жобасы аясында Жетісу университеті мен меморандумға қол қойылды. Қоғамның тұрақты дамуы мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету – заманауи білім беру мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің негізгі басымдықтарының бірі. Осы бағытта І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен «Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қоры өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Меморандумға қол қою рәсімі Жетісу университетінің бас ғимаратында өтті. Шараға университет ректоры, профессор-оқытушылар құрамы, қоғамдық қор өкілдері мен БАҚ қызметкерлері қатысты.

Ынтымақтастық аясында тараптар келесі бағыттар бойынша бірлескен жұмыс жүргізуді жоспарлап отыр:

• Экология және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыру;

• Студенттер мен жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

• Ортақ конференциялар, семинарлар, форумдар өткізу;

• Университет базасында эколо гиялық білім беру орталығын дамыту.

Сонымен қатар меморандум аясында екі тарап қазіргі қоғамда өзекті болып отырған құмар ойындарға тәуелділіктің (лудоманияның) алдын алу бағытында да бірлескен жұмыстар жүргізуді көздеп отыр. Бұл бағытта дөңгелек үстелдер, тренинг-семинарлар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және жастармен тікелей кездесулер ұйымдастыру жоспарланған.

Университет ректоры Ермек Бөрібаев бұл серіктестіктің маңыздылығына ерекше тоқталып, былай деді:

«Лудомания – қоғамның дерті. Жастар арасында құмар ойындарға тәуелділік бойынша рационалды таным, қаржылық сауаттылықты қалыптастыру, салауатты өмір салтын дәріптеу – ортақ іс. Бұл меморандум лудомания проблемасы, оның себептері мен салдары бойынша профилактикалық шаралардың кешенін әзірлеуде екі жақты жұмыс істеуге бағытталған», – деді ректор Ермек Бөрібаев.

Айта кету керек, «Қазақстанның экологиялық қоры» қоғамдық қорының жобасы – «Қазақстандағы жастар арасында лудоманияның алдын алу бойынша кешенді шаралар» деп аталады. Жоба Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының қолдауымен және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржыландыруы арқылы жүзеге асырылып отыр.

Әлеуметтік жобаның негізгі мақсаты – құмар ойындар қаупі туралы хабардарлықты арттыруға, өзін-өзі бақылаудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға бағытталған кешенді профилактикалық шараларды енгізу арқылы жастар аудиториясы арасында лудоманияның таралу деңгейін төмендету.

Өз кезегінде қоғамдық қор өкілдері университетпен бірге еліміз үшін маңызды әлеуметтік және экологиялық жобаларды жүзеге асыруға ниетті екендерін білдірді.

Аталған меморандум – қоғамның өзекті мәселелерін шешуге бағытталған ортақ күш-жігердің көрінісі. Бұл ынтымақтастық өңірлік деңгейде ғана емес, ұлттық деңгейде де оң нәтижелерге жетелейді деген сенім мол.

## «Талдықорған – Үшарал» газ құбыры: желілік бөлігі толық аяқталды




**Жетісу облысының газдандыру бағытындағы ауқымды қадамы – «Талдықорған – Үшарал» магистралды газ құбыры құрылысының желілік бөлігі аяқталып, жоба негізгі кезеңге өтті. Бұл туралы QazaqGaz ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешовтың облысқа жұмыс сапары барысында мәлім болды.**

Ақсу ауданындағы құрылыс алаңына арнайы барған Санжар Жаркешов бастаған делегацияны облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов қарсы алды. Делегация алдымен «Жансүгіров» автоматты газ тарату стансасының (АГТС) құрылыс барысымен танысты.

– Бұл жоба Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен, Ұлттық қордың қаржылай қолдауымен жүзеге асып жатыр. Үкімет басшысы былтыр облысқа келгенде құрылыс жұмыстары басталған еді. Қазіргі нәтиже – үш тараптың: QazaqGaz, облыс әкімдігі мен мердігер компанияның үйлесімді еңбегінің айқын көрінісі. Біз газды 2025 жылдың жылыту маусымына дейін беруді жоспарлап отырмыз, – деді Санжар Жаркешов.

Жобаның техникалық сипаттамасына тоқталсақ: газ құбырының ұзындығы – 302,4 шақырым, жобалық қысымы – 9,8 МПа. Құбыр бойында 6 бұрма және 6 автоматты газ тарату стансасы («Жансүгіров», «Қапал», «Сарқан», «Қойлық», «Қабанбай», «Үшарал») салынуға тиіс. Қазір барлық алты АГТС-тің құрылысы бір мезетте жүргізілуде.

Құрылысқа 148 арнайы техника мен 356 жұмысшы жұмылдырылған. Жұмыстар кестеден бұрын орындалып жатыр. Жоба Энергетика министрлігі,

«Самұрық-Қазына» қоры және Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен іске асырылуда.

Облыс әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов елді мекендердің ішкі газ желілеріне қатысты дайындық барысымен бөлісті.

– Жоба арқылы Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарындағы 66 елді мекенге газ жеткізіледі. Оның ішінде 6 елді мекен биыл көгілдір отынға қосылса, қалған 60-ы – келесі жылы. Бұл – өңір экономикасы үшін үлкен серпін, халықтың тұрмыс сапасын арттыратын маңызды бастама, – деді Ә. Қанағатов.

Еске салсақ, Жетісу облысында газдандыруға жататын 192 елді мекен бар. Облыс құрылғанда тек 5 елді мекен ғана газбен қамтылған еді. Қазір бұл көрсеткіш 84-ке жетті. Жыл соңына дейін газдандырылған елді мекендер саны 126-ға жетіп, газдандыру деңгейі 71,4% болады деп күтілуде. 2028 жылға дейін барлық 192 елді мекен көгілдір отынға қосылады.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2025 жылғы 1 маусымнан бастап локомотивтік тартым қызметтеріне, сондай-ақ тасымалдауға байланысты қызметтерге тарифтер бөлігінде республикаішілік, халықаралық (экспорттық-импорттық) қатынастарда жүктерді темір жол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтер құнының өзгергені туралы хабарлайды.

ДОДА

22 МАМЫР 2025 | БЕЙСЕНБІ

**Еліміздің елордасында Парадзюдодан өткен әлем чемпионатында олжалы болдық. Әлемнің түкпір-түкпірінен келген балуандардың күресі тартысқа толы өтіп, елдің назарынан кетпеді. Отандастарымыздың ішінде алтын, күміс, қоланы таққандардың шамасы аз емес. Солардың бірі – сонау Парижде атой салып күмісті еншілеген Ерғали Шамей. Ерғали осы әлем чемпионатында ауыр салмақта (J1) күресіп, қоланы қанжығасына байлады. Балуанмен әңгімеміз де әлем чемпионаты төңірегінде басталды.**

**Ерғали ШАМЕЙ,**
Парадзюдодан әлем чемпионатының қола жүлдегері:

# БҰЛ – МЕНІҢ ЖҮРЕКПЕН ҚАБЫЛДАҒАН МИССИЯМ

**– Әлем чемпионатындағы қола жүлдеңізбен құттықтаймыз! Жарыс сіз үшін қалай өтті?**

– Рақмет! Бұл жарыс мен үшін өте тартысты әрі жауапты сын болды. Париждегі Паралимпиададан кейін сәл үзіліс алған едім. Сол демалыстан кейінгі алғашқы үлкен жарысым осы Әлем чемпионаты болды. Шынымды айтсам, жаңа салмаққа ауысып қатысқан алғашқы бәсекем де – осы. Сондықтан әр белдесу мен үшін үлкен тәжірибе алаңы десек те болады.

Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Кілем үстіндегі әр секунд, әр қимыл – көп нәрсені үйретті. Үлкен салмақтың жауапкершілігі мен айырмашылығын кеше ғана сезінгендеймін. Қарсыластарымның бәрі мықты, бұл салмақта жылдамдықпен қатар үлкен күш пен төзімділік те қажет.

Әлем чемпионатында қол жеткізген қола медаль – мен үшін бастама ғана. Тоқмейілсуге әлі ерте. Бұл нәтиже – болашақтағы үлкен жетістіктерге жасалған алғашқы қадам. Ендігі мақсатым – күш пен техниканы одан әрі жетілдіру. Алдағы уақыттарда бұл бағыттарға баса мән беріп, жаңа биіктерді бағындыруға тырысамын.

**– Чемпионаттағы ең қиын белдесу сәті есіңізде ме?**

– Нақты айтар болсам, бұл жарыстағы ең күрделі белдесу – екінші айналымда Франция спортшысымен өткен кездесу. Бірінші белдесуім қарсыласымның жарысқа шықпауына байланысты өтпей қалды. Ал екінші айналымда тәжірибелі француз палуанымен татамиге шықтым. Ол техникалық тұрғыдан өте мықты, салмақты басқара алатын спортшы екен.

Әрине, жарысқа үзілістен кейін келген мен үшін бірден қарқын алып кету оңай болмады. Осы белдесу үлкен сабақ болды. Жеңіліс – жеңістің басы дейді ғой, осы тұста өзіме не жетіспейтінін, қай бағытта жұмыс істеу керек екенін айқын түсіндім. Бұл белдесу мені шыңдады десем артық айтқаным емес.

**– Бұл жеңіске жету үшін қанша уақыт және қандай дайындықтан өттіңіз?**

– Әлем чемпионатына ұзақ үзілістен кейін тыңғылықты дайындалдым. Бұл жолғы жаттығу процесі ерекше жүйелі әрі жоспарлы өтті. Жеке өзім ғана емес, ұлттық құрама болып, барлығымыз бұл жарысқа үлкен жауапкершілікпен қарадық.

Нақтырақ айтқанда, жарыс қарсаңында үш оқу-жаттығу жиынын өткіздік. Әр жиынның өз мақсаты, өз салмағы болды – бірінде физикалық дайындыққа басымдық берсек, келесісінде техникалық әрі тактикалық тұстарды жетілдірдік. Сонымен қатар тәжірибе жинау мақсатында Германияда өткен ашық турнирге, кішігірім Гран-при жарыстарына қатыстық.

**– Парадзюдо спортына қалай келдіңіз? Бұл жолда кімдер қолдау көрсетті?**

– Парадзюдомен айналысып жүргеніме көзді ашып-жұмғандай он жыл болып қалыпты. Бала күнімнен күреске ерекше қызығушылығым болды, спорт залда өскен ұлдардың бірімін десем де болады. Алайда жасөспірім кезімде көз жанарым әлсіреп, спорттан алшақтап кетуге тура келді. Себебі ол кезде мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған дзюдо бар екенін мүлде білмейтінмін.

2015 жылы тағдырымның жаңа парағы ашылды. Сол жылы парадзюдо спортын алғаш таныстырып, қолымнан жетелеп, осы жолға бағыт берген жан – алғашқы бапкерім Жандос Тыңғышбаев аға болды. Сол кісінің сенімі мен еңбегінің арқасында қайтадан татамиге оралып, бүгінгі жетістіктерге жетіп отырмын.

**– Жалпы парадзюдоның ерекшелігі неде?**

– Менің ойымша, әр адам өз ісін шын жүрегімен жақсы көруі керек. Сонда ғана ол істің шынайы мәнін түсінеді. Мен үшін сол сүйікті іс – күрес. Алғашында қарапайым күреспен айналыстым. Кейін тағдыр мені парадзюдоға алып келді. Қазір осы спорттың ерекше бір түрі – парадзюдо менің өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды.

Парадзюдоның ең үлкен ерекшелігі – мұнда тек күш пен шеберлік емес, төзім мен жүректегі от сынға түседі. Қарсыласты жағасынан ұстап, иықтан тартып, әр қимылды есеппен жасау қажет. Татамиде әрбір сәт шешуші болуы мүмкін – қателесуге жол жоқ. Бұл жерде тек техника емес, жан дүниең де күресіп тұрады.

Қазақта «жағаласпай жан қалмайды» дейді ғой. Біз де сол татамиде жан алып, жан беріп күресіп жүрміз. Күрестің шаңын шығарып, әр белдесуде ел намысын абыроймен қорғауға тырысып келемін. Бұл – менің өмір жолым ғана емес, жүрекпен қабылдаған миссиям дер едім.

**– Сіздің өмір жолыңызға негізделген «Өмір сәулесі» атты қысқаметражды фильм жарық көргенін білеміз. Фильм біраз адамға жігер, мотивация берді десек те болады. Ал сіз мотивацияны қайдан аласыз?**

– Шыны керек, адам таңертең көзіңді ашып, аман-есен бір күнге аяқ басқанының өзі – үлкен шүкіршілік пен мотивация. Қарапайым дүниелердің қадірін білу – мен үшін күш-қуаттың басты көзі. Одан бөлек, әрине, мені үнемі демеп, қолдап отыратын анам мен отбасымның ықыласы алға жетелейді. Олар сенген сайын мен де өзіме деген сенімімді жоғалтпаймын.

**– Болашақта қандай мақсаттар мен жоспарлар бар?**

– Менің ең басты мақсатым – Лос-Анджелес Олимпиадасында жеңіс тұғырынан көк Туымызды желбірету. Бұл – жай ғана арман емес, мен күн сайын соған қарай қадам басып келе жатқан нақты мақсат. Әр жаттығу, әр жарыс, әр белдесу – сол арманға апарар баспалдақ.

Оған дейін, әрине, алда талай халықаралық, құрлықаралық додалар бар. Солардың бәрінен алтын жүлдемен оралып, елімнің намысын қорғау – менің басты парызым. Тек жеке жетістік үшін емес, маған сеніп жүрген жанкүйерлерім, отбасым және парадзюдо спортына енді ғана келіп жатқан жастар үшін де жеңіске жеткім келеді.

**– Жас спортшыларға, сіздің үлгі алғысы келетін жандарға не айтасыз?**

– Ең алдымен, спорт жолында жүрген барлық жастарға сәттілік тілеймін. Бұл жол – оңай жол емес. Мұнда табысқа тек төзім, еңбек, тәртіп пен табандылық арқылы ғана жетуге болады.

Спорт – жай ғана дене еңбегі емес, бұл – мінезді, жігерді, адамдықты шыңдайтын өмір мектебі. Сондықтан әрбір жасқа айтарым – бос уақытты тиімді пайдаланыңыздар, ерінбей еңбек етіңіздер. Қиындықтардан қорықпаңыздар, өйткені әр қиындықтың артында үлкен жетістік тұрады.

**– Жеңісіңізді кімге арнайсыз?**

– Шыны керек, бұл жеңіс – тек менің емес. Бұл – Қазақстан ұлттық құрама командасының, мені қолдаған барша бапкерлер мен жанкүйерлердің, және ең бастысы – бүкіл Қазақ елінің жеңісі деп есептеймін.

**– Әңгімеңізге рақмет!**

**Сұхбаттасқан**
**Әсет ҚАЛИ**

**Парадзюдоның ең үлкен ерекшелігі – мұнда тек күш пен шеберлік емес, төзім мен жүректегі от сынға түседі. Қарсыласты жағасынан ұстап, иықтан тартып, әр қимылды есеппен жасау қажет. Татамиде әрбір сәт шешуші болуы мүмкін – қателесуге жол жоқ. Бұл жерде тек техника емес, жан дүниең де күресіп тұрады.**

## АЙБОТА ЕРТАЙҚЫЗЫ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ!

**Қазақ гимнастикасының жарқыраған жұлдызы алтын тұғырға көтерілді. Сингапурда өткен көркем гимнастикадан Азия чемпионатында Қазақстан атынан қатысқан дарынды гимнаст Айбота Ертайқызы ел намысын абыроймен қорғап, алтын медаль жеңіп алды.**

Құрлықтық біріншілікте ұлттық құрама топтық жаттығулардың финалында шығыршықта және доппен үздік нәтиже көрсетіп, бірінші орынды иеленді. Қазақстандықтар төрешілердің шешімімен 26,65 ұпай жинады. Екінші орын – 25,15 ұпаймен Өзбекстанға, ал үшінші орын – 24,25 ұпаймен Оңтүстік Кореяға бұйырды.

Сондай-ақ команда бес таспамен жаттығу бағдарламасында екінші орынды иеленді. Бұған дейін спортшылар топтық жаттығулардың көпсайысында жеңіске жеткен болатын. Айта кетейік, осы чемпионатта Айбота Ертайқызы таспамен жаттығуда алтын, ал жекелей көпсайыста қола медаль жеңіп алды. Ал Айым Мейіржанова ұршықтармен жаттығуда үздік үштікті қорытындылады.

Топтық жаттығуларда еліміздің намысын Жасмин Жүнісбаева, Айзере Кеңес, Аида Хәкімжанова, Мәдина Мырзабай, Айзере Нұрмағамбетова және Кристина Чепульская қорғағанын атап өткіміз келеді.

## ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ЖІГЕР

**Азия чемпионатында қазақтың зілтеміршілері екі жүлде еншіледі. Қазақстандық ауыр атлеттер Таиландтың Пхукет қаласында өтіп жатқан жастар арасындағы Азия чемпионатында ел мерейін үстем етті.**

Ел намысын қорғаған жас спортшыларымыз тартысты жарыста табандылық пен жігердің үлгісін көрсетіп, екі бірдей медаль жеңіп алды. 55 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Әбілмансұр Батырғали жұлқа көтеруде 105 келіні, серпе көтеруде 135 келіні еңсеріп, жалпы 240 келі нәтижемен алтын жүлдеге ие болды. Осылайша, жас спортшы Азия чемпионы атағын еншілеп, қазақ ауыр атлетикасының болашағы зор екенін дәлелдеді.

Ал 49 келіге дейінгі салмақта сынға түскен тағы бір өреніміз Ернұр Нұрахмет жұлқа көтеруде 85 келіні бағындырып, қола медаль еншіледі. Бұл – оның халықаралық аренадағы алғашқы ірі жетістігі. Жарысқа Азия құрлығының 30-дан аса елінен үздік спортшылар қатысып, әр салмақтағы бәсекелер жоғары деңгейде өтті.

## АЛМАТЫЛЫҚТАР – ҮЗДІК КОМАНДА!

**Алматы қаласының таэквондо шеберлері Қазақстан кубогында жоғары нәтиже көрсетіп, командалық есепте жеңімпаз атанды. Бұл – мегаполистегі спорттың жүйелі дамуы мен жас буынның тынымсыз еңбегінің жемісі.**

Жуырда еліміздің әр өңірінен келген үздік спортшылардың басын қосқан Қазақстан кубогы өз мәресіне жетті. Аталмыш турнирге елдің барлық өңірінен 140 спортшы қатысты.

Дүбірлі додада Алматы қаласының таэквондо құрамасы озық шығып, командалық есепте бірінші орынды иеленді.

Бұл жеңіс – қаладағы спорттық инфрақұрылымның даму деңгейін және жаттықтырушылар еңбегінің нәтижесін көрсететін маңызды жетістік. Алматылық спортшылар жарыс барысында жоғары шеберлік танытып, жанкүйерлер мен мамандардың жоғары бағасына ие болды.

Атап айтқанда, жарыста сегіз жасар Нұрболхан есімді жас спортшы ерекше көзге түсті. Ол юниорлар санатында чемпион атанып, болашағынан зор үміт күттіретін жас өрен ретінде танылды. Таэквондомен төрт жылдан бері айналысып келе жатқан ол жарыстан кейін берген сұхбатында Алматыда спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалғанын атап өтті.

**Гаухар АСАНҚЫЗЫ,**
**Айғаным САКЕНҚЫЗЫ**

AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4595
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді

(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
•«Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ